

КАРАНТИН ТАЛАПТАРЫН ҚАТАҢ САҚТАУ МАҢЫЗДЫ

2-бет



ПАТРИАРХ ЖУРНАЛИСТИКИ

11-бет



ДӘРІГЕРЛЕР ЕРЛІК ЖАСАУДА, бірақ жағдайдың қиындауы жаппай құбылысқа айналуда

4-бет


# ҚАЗАҚ ҮНІ
QAZAQ ÚNI

20 JYL

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ АПТАЛЫҚ

www. qazaquni. kz || qazaquni2000@gmail. com || 2000 jylǵy 11 tamyzdan shyǵa bastady || №24-25 (894-895) 22-29.06.2020 jyl




**Ұлан-ғайыр территориясы бар, ұлттық құрамы ала-құла және экономикасы әлсіз, алайда табиғи ресурстары аса бай болғандықтан Батыс мемлекеттері көз қызықтыратын, бұған да қоса Қытай мен Ресей сынды алпауыт елдердің аралығында отырған жас мемлекет осынау ықпалды күштердің ортасынан тепе-теңдік тауып, өзінің ерекше жолын таңдауға тиіс еді. Міне, Нұрсұлтан Назарбаев сол жолды – қазақстандық жолды тапты. Ол мықты президенттік билікті таңдады.**

# ТҮРКІ ӘЛЕМІНІҢ АҚСАҚАЛЫ



8 бет



## ТАҒЫ ШАЙҚАЛА БАСТАҒАННЫҢ МИЫ ШАЙҚАЛА БАСТАЙДЫ...

### ПУТИН ӨЗ СӨЗІНІҢ КЕЙІПКЕРІНЕ АЙНАЛДЫ...

3 бет



Рахмет ЕСДӘУЛЕТОВ:

## ДІН САЛАСЫ ТОҚМЕЙІЛСУДІ КӨТЕРМЕЙДІ

Жалпы, өңірдегі діни ахуал тұрақты деп зор сеніммен айта аламын. Алдағы уақытта атқарылар ауқымды жұмыстар мен ілкімді істер өз нәтижесін береді деген үміттемін. Тәуелсіздікпен бірге тәбәрік болып келе жатқан тұрақтылығымыз бен тұтастығымызға сызат түспесін деген тілек білдіремін!

5 бет

## ПУТИН ГРОЗИТСЯ ЗАБРАТЬ «ПОДАРКИ ОТ РУССКОГО НАРОДА»?!



Владимир Путин теряет не только международный авторитет, но и последних друзей – многие главы государств не приехали на парад Победы 24 июня, в том числе из СНГ. У него низкий рейтинг и в России, а тут надо еще провести голосование за поправку в Конституцию РФ, которая позволит ему баллотироваться на новый срок. И в такой ситуации он вытаскивает замызганную крапленую карту об утащенных соседями российских землях – это фирменное блюдо для российских избирателей в будущих выборах русского царя.

10 бет

050006, Алматы қаласы, Қалқаман–3 ықшамауданы, К. Сейітов көшесі, 11 үй. Байланыс телефоны: 8(727)398–57–31 Жазылу индексі – 65380

# КАРАНТИН ТАЛАПТАРЫН ҚАТАҢ САҚТАУ МАҢЫЗДЫ

**Әлемді жайлаған індет айылын жияр емес, тіпті күн өткен сайын үдеп бара жатқан секілді. Осыған орай Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Премьер-Министр Асқар Маминнің, сондай-ақ, Нұр-Сұлтан, Алматы қалалары мен Ақмола, Ақтөбе, Жамбыл, Қарағанды, Қызылорда, Павлодар облыстары әкімдерінің коронавирустың таралуына қатысты қалыптасқан ахуал, өңірлердің әлеуметтік-экономикалық даму барысы жайындағы есептерін тыңдады.**



Мемлекет басшысы Үкіметке және облыс басшыларына пандемияның таралуын тез арада шектеуге қатысты шұғыл әрі тиімді шаралар қабылдауға, коронавирусқа шалдыққан адамдарға нақты көмек көрсетуге, азаматтардан тест сынамасын алудың ауқымын кеңейтуге, дәрігерлерді арнайы қорғаныс құралдарымен, дәрі-дәрмектермен, өкпеге жасанды жолмен дем беретін аппараттармен және өзге де қажетті құрал-жабдықтармен қамтасыз етуді тапсырды.

Президенттің пікірінше, азаматтардың денсаулығын қорғау ісінде алғы шепте жүрген медицина қызметкерлеріне материалдық және моральдік тұрғыдан қолдау көрсетудің мәні зор. Үкімет пен әкімдер халық арасында карантин режимін сақтаудың аса маңызды екенін түсіндіріп, бұл бағыттағы жұмыстарды белсенді жүргізуге тиіс.

Сонымен қатар, Қасым-Жомарт Тоқаев орталық және жергілікті атқарушы билік органдарына экономиканың құлдырауына жол бермеу, өнеркәсіптік және ауыл шаруашылығы өндірісін арттыру, азаматтардың әлеуметтік қажеттіліктерін толық қамтамасыз ету бойынша нақты шаралар қабылдауды тапсырды.

# ЖАҢА БАСШЫ САЛА ЖҰМЫСЫН ЖАҚСАРТА АЛА МА?

**Денсаулық сақтау министрі өз еркімен қызметінен кетті. Елжан Біртанов денсаулығы сыр берген соң, осындай ұйғарымға келген. 2017 жылдан бері министрлікті басқарған шенеунік жарты айға жуық коронавирустан ауруханада емделіп жатыр, жағдайы орташа.**



Ал еліміздің бас дәрігері болып Біртановтың осы күнге дейінгі орынбасары Алексей Цой тағайындалды. Бірнеше күн бұрын ғана денсаулық сақтау министрінің бірінші орынбасары болып тағайындалып, министрдің де міндетін уақытша атқаруға кіріскен 43 жастағы шенеунік еңбек жолын хирург-эндоскопист болып бастаған. Үш тілді меңгерген. Бүгінге дейін елордада №1 қалалық аурухананың бас дәрігері және Денсаулық сақтау вице-министрі сынды жауапты қызмет атқарды. Ал былтырдан бері Президенттің іс басқармасының медициналық орталығын басқарып келді.

Еліміздегі медицина саласының жағдайы баршаға мәлім, олқылықтар толып жатыр. Әсіресе қазіргі пандемия кезінде ол анық байқалуда. Ең маңызды саланың тізгінін талай шенеуніктер ұстап келді. Бірақ саланы жоғары сатыға көтерген бірі жоқ. Бұл жолғы тағайындау сол қордаланған проблемаларды толықтай шеше ала ма? Мәселе сонда болып отыр ғой...

## АРЫС АПАТЫНА БІР ЖЫЛ БОЛДЫ

**Тұрғындарға тауқымет әкелген Арыс қаласындағы әскери қоймада болған оқ-дәрілердің жарылысынан бері бір жыл өтті. Алапат апаттан кейінгі қазіргі жағдай қандай?**

Бұл туралы ҚР ҚК Тыл және қару-жарақ басқармасының бастығы Асылбек Сатыбалдинов ОКҚ-да өткен баспасөз мәслихатында Арыс қаласындағы төтенше жағдайдың салдарын жоюдың жылдық жұмысының қорытындысын мәлімдеді. Оның айтуынша бүгінгі таңда жағдай бақылауда. Инфрақұрылымдар 90 пайызға қалпына келтірілген. Іздеу, инженерлік барлау мен минасыздандыру топтары 300 шаршы шақырымды барлап, тексеріп шықты. Оның ішінде егін аумақтары да, жақын маңдағы елді мекендер де бар. Мобильді және іздеуші саперлік топтар жергілікті халықтан түскен 740-қа жуық өтінім бойынша жұмысты аяқтады. Осының арқасында оқ-дәрілердің 4,5 мың фрагментті залалсыздандырып, Арыс өзенінің 30 шақырымдық арнасын тазартқан. Саперлар оқ-дәрілердің 2,5 мың тонналық фрагментін жинап алған. «Арыстан оқ-дәрілердің 380 мың фрагменті әкетілді. Оның 330 мыңы жарылыс қаупі барлары», – деді ол. Әрине, бұл есеп көңілдегі күдікті сейілткендей, тек жалған мәлімет болмаса игі. Ең бастысы алапат апат қайталанбаса екен деп тілейміз.

## СУИЦИДТІ НАСИХАТТАҒАН ТОПТЫҢ СЕРКЕСІ ҰСТАЛДЫ

**Түркістан облысында өзін-өзі өлтіруді насихаттап келген топтың кураторы ұсталды. Арыс қаласының тұрғынын тұтқындауға Ішкі істер министрлігінің киберқылмысқа қарсы іс-қимыл орталығының сарбаздары мен облыстың полицейлері қатысты.**

Түркістан облыстық ПД бастығының орынбасары Асылбек Қалдарбековтың айтуынша Интернет желісінің мониторинг жасау барысында Арыс қаласының тұрғыны анықталып, сот қаулысымен оған күзетпен ұстау бұлтартпау шарасы қолданылды. Күдіктінің үйін тінту кезінде қылмысқа қатысы бар ноутбук, ұялы телефон, үш қорап телефон сим картасы сияқты айғақтық заттар тауыпты. Тәркіленген телефонда жасөспірімдерді суицидке шақырған телеграм каналдар анықталған. Полицейлер қанша жасөспірімнің арбауға түскенін әзірге айтпай отыр. 2015-2016 жылдары тура осындай суицидке шақырған «Синий Кит» тобы әлеуметтік желілерде кең таралып, бір ғана Ресейдің өзінде 130 жасөспірім өз-өзіне қол салғаны айтылған болатын. Біздің елімізде де жағдай күрделі, сондықтан бұл қылмыспен күрес тұрақты жүргізілуде.



## МИНИСТР ЖУРНАЛИСТЕРДІ КӘСІБИ МЕРЕКЕСІМЕН ҚҰТТЫҚТАДЫ

**Ақпарат және қоғамдық даму министрі Аида Балаева БАҚ қызметкерлерін кәсіби мерекесімен құттықтады.**



«Кез келген қоғамның дамуы, мемлекеттік өсіп-өркендеуі – сол қоғамның ішкі тұрақтылығына, береке-бірлігіне, ұлттық құндылықтарының сақталуына, мемлекеттік мықты идеологиясына байланысты. Ал мұны қалыптастыратын ең бірінші – ғалымдар мен зиялылар, ақын-жазушылар мен журналистер. Журналистер – қоғамның жанашыры. Қоғам тірлішігіндегі қылт еткен қиындықтарда бірінші болып үн қататын, тығырықтан шығар жол іздейтін де журналистер қауымы», – деді министр Қазақстандағы БАҚ қызметкерлері күніне орай өткен салтанатты жиында ақиқаттың арда жүгін арқалап жүрген журналистер қауымын кәсіби мерекесімен құттықтап.

«Өзімнің және министрлік ұжымымның атынан барша әріптестерімізді шын жүректен құттықтаймын. Расында да журналистика шығармашылық өрісті ғана емес, кәсіби өршілдік пен аса терең мәдениеттілікті, жан-жақты білімділік пен ішкі тәрбиелікті қатар талап ететін мамандық. Өйткені, ғұлама ғалыммен де, біртуар дарынмен де, қарапайым қауыммен де тең сөйлесіп, тамырын табу екінің біріне бұйыра бермейтін дара қасиет, асқақ абырой. Өз басым осындай қасиет пен абыройды отандық журналистикамызды бүгінгідей тамаша биікке көтерген майталман аға буыннан бастап, осы күні ақпарат ағымымен алысқан әрбір тілшінің бойынан көремін. Көріп қана қоймай, сіздердің бар ерекше талғампаздықтарыңызды сезінемін. Сондықтан осындай талғамды қоғамда қалыптастырып, айналамызға адал ақпарат жеткізуге атсалысқан, ауыр да абыройлы еңбектеріңіз үшін алғысымды жеткіземін», – деді министр.

«Қаламдарыңыздан қасиет кетпесін, ел игілігіне ту еткен еңбектеріңіздің табысын көріңіздер. Сіздерге зор денсаулық, отбасыларыңызға амандық, бақыт пен береке тілеймін!», – деді Аида Балаева өз құттықтауында.

## «ҚАЗАҚ ҮНІ» ҚЫЗМЕТКЕРІ «АҚПАРАТ САЛАСЫНЫҢ ҮЗДІГІ» АТАНДЫ

**Ақпарат және қоғамдық даму министрі Аида Балаева ҚР Бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлері күніне арналған онлайн-марафон барысында ақпарат саласының үздік мамандарын марапаттады.**



Ақпарат және қоғамдық даму министрінің 2020 жылғы 22 маусымдағы №199 бұйрығына сәйкес, «Ақпарат саласының үздігі» төс белгісімен бірқатар журналист марапатталды. Аталмыш марапатқа ие болғандардың қатарында «Қазақ үні» республикалық газетінің орыс редакциясының меңгерушісі, ұзақ жылдар бойы елдегі өзекті тақырыптарға қалам тербеп жүрген журналист Дастан Елдес те бар. Әріптесімізді марапатымен құттықтап, шығармашылық табыс тілейміз. Сол сияқты отандық журналистиканың дамуына үлес қосқан, еңбек өтілі 30 жылдан асқан кәсіби мамандар бар. Мереке қарсаңында БАҚ-тың 55 өкілі ерекше төсбелгімен марапатталды.

## ЕСКІ КӨЛІК ТЕ ТҰРМЫС ДЕҢГЕЙІН КӨРСЕТЕДІ

**Қазақстанда үш көліктің екеуінің қолданылған уақыты 10 жылдан асып кеткен. Елдегі ең «кәрі» автопарктер Алматы, Жамбыл мен Павлодар облыстарына тиесілі.**



Көліктері ескіріп кеткен көш соңындағы үш өңірдегі 10 автокөліктің сегізі пайдаланылғанына 10 жылдан асып кеткен. Жалпы, Қазақстанда 2020 жылдың сәуірінің аяғына дейін 3,9 млн. көлік тіркелген. «Тіркелген көліктердің 94,6 пайызы (3,7 млн.) жеке адамдарға тиесілі. Заңды тұлғалар атына 213,7 мың көлік тіркеліпті. Бензинмен жүретін автокөліктердің үлесі 87,2-ден 88,9 пайызға ұлғайды. Дизель отынымен жүретін автокөліктердің саны 2,1-ден 1,9 пайызға азайды», – делінген finprom.kz хабарламасында. Көліктердің шығарылған жылы бойынша қолданыс мерзімі 10 жылдан асып кеткендердің саны өсіп келеді, оларды тіркеу деңгейі де кейінгі жылда 2,1 пайызға көтеріліп, 2,6 миллионға жеткен. Бұл нені көрсетеді, әрине біздің адамдардың тұрмыс деңгейінің төмендігін меңзейді.

# ТАҒЫ ШАЙҚАЛА БАСТАҒАННЫҢ МИЫ ШАЙҚАЛА БАСТАЙДЫ...

## ПУТИН ӨЗ СӨЗІНІҢ КЕЙІПКЕРІНЕ АЙНАЛДЫ...

**«Кеңес одағын қайта орнатқысы келгендердің жүрегі бар, бірақ миы жоқ»**

В.Путин, Ресей президенті



## «ПУТИН КЕТ!» САНКТ ПЕТЕРБУРГ ХАЛҚЫ ПУТИНГЕ ҚАРСЫ КӨШЕГЕ ШЫҚТЫ

«Путин кет!» деп ұран көтерген халық көшеге толып кетіп, шеру жасады.

Полиция қаптаған халыққа қарсы келе алмай алдында жүріп отырды.

Ресей Президенті Путиннің кеше есінен адасқан адамдай ескі кеңес империясын еске алып жатқаны тегін емес екен ғой. Ол Россия 1 ұлттық насихаттық арнасында:

«Возникает вопрос: если та или иная республика вошла в состав СССР, но получила в свой багаж огромное количество российских земель – традиционных российских исторических территорий, а потом решила выйти из состава? Но тогда бы выходила хотя бы, с чем пришла, и не тащила с собой подарки от русского народа»-деп соқты...

Әрине, Кремль қожайынының бұл сөзі ешқандай ұғымға сыймайды. Себебі ешқандай республика Ресейден «сыйлық» алып кеткен жоқ, өз территориясы бойынша кіріп шықты Кеңес Одағына. Ал Қазақстан Одақтан ең соңғы болып, тіпті, Ресейден де кейін 1991 жылы 16 желтоқсанда шықты. Яғни, Путиншілдер аңсап отырған КСРО «қарашаңырақ» болса, оның мұрасы ең соңында қалған «кенже баласы» Қазақстанға тиесілі болуы керек...

Ал бас жағына барыса берсек, Омбы, Астрахан секілді қалаларды айтпағанда Қазақтанның Кеңес Одағына кіргендегі алғашқы астанасы Орынбордың өзі Ресейде қалып қойды. Егер бәріміз де тарихи жерлерімізді түгендеуге кірісетін болсақ, өзіміз үндемей-ақ бейтарап тұлға Белоруссияның басшысы, батыр батько Александр Лукашенконы сөйлетеміз: «Бату ханның кезіне оралсақ, бүкіл Ресей мен Шығыс Еуропаны Қазақстан мен Моңғолияға беру керек». Бұл қазақтың жыртысын жыртып, тура айтылған сөз Путиннің: «Қазақстанда бұрын ешқандай мемлекет болмаған» деген сандырағына да лайықты жауап.

Ресей Президентінің ол арандату сөзі өзінің шектеусіз президенттікке түсе беруіне Конституцияға өзгеріс енгізу үшін қарсы шыққан халықты ескі империялық елеспен қоздыру арқылы өзіне тартып алу дәмесі екені анық. Яғни, «ескі дертті» қоздыруды саяси құрал ретінде пайдалануда.

Бұл басқа елге басқыншылық жасау саясаты ел сенімінен айрыла бастаған мемлекет басшыларының ескі әдісі, тал қармауы. Бірақ ол сөзінің Ресейдің озық ойлы халқына әсер етпегені – бүгінгі Путинге қарсы шыққан қалың шеруі.

Ресей президентінің бұрынғы Кеңес одағын аңсап жүргені бір бұл емес. Мұның алдында да оның осындай сарында оттағандары бар.

Бұрынғы Кеңес одағын қалпына келтіру керектігін әр сөзінде айтып қалып жүруі оның теріс пиғылын анық аңғартады.

Кейінгі кезде ЕурАзия экономикалық одағын бұрынғы саяси одаққа – Кеңес одағының көшірмесіне айналдырғысы келіп жүргенін де ашық білдіре бастаған. Тек таяуда өткен Еуразиялық одақтың Жоғарғы кеңесі мәжілісінде қасқа жолға түскен Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың қасқайып қарсы шығуының арқасында алдын ала кесіп-пішіп қойған жаңа келісімге қол қойылмай қалды.

Шамасы, Ресей президенті Владимир Путин өзінің бір кезде айтқан белгілі сөзін ұмытып қалған сияқты. Ол Кеңес одағын қайта қалпына келтіруге ұмтылу туралы сұраққа:

«Кеңес одағын қайта орнатқысы келгендердің жүрегі бар, бірақ миы жоқ» деген еді...

Бүгін революция отаны Санкт Петербургтегі Путинге қарсы көшеге сыймай кеткен қалың қолды көргенде, Ресей президенті жағдайының өте қиын екендігі белгілі болды. Ал Питердің Путиннің туып-өскен өз қаласы екенін еске алсақ, жағдай тіпті қиындап тұрғанын аңғаруға болады...

Тағы шайқала бастағанның миы да шайқала бастайды. Бұны Путиннің кешегі арандату сөздері анық айқындап берді. Яғни, Путиннің өзі өзінің кезінде айтқан әйгілі сөзінің кейіпкеріне айнала бастады...

Сөзімді есіме түсіп тұрған тағы бір белгілі сөзбен қорытайын. 2014 жылы Алматыда Ұлттық кітапханада маған Қазақстанда тұңғыш рет Мәскеудегі Халықаралық Жазушылар одақтары қауымдастығының Сергей Есенин атындағы сыйлығы – «Алтын Күз» орденін тапсыру салтанаты болды. Сонда сөйлеген қазақтың көрнекті ақыны Темірхан Медетбек Ресейден келген жазушыларға қарата айтқандай: «Бізге Путиндік Ресей керек емес, Пушкиндік Ресей керек!».

**Қазыбек ИСА,**
**ҚР Президенті жанындағы Ұлттық кеңес мүшесі**
*«Қазақ үні»*

■ KÓZQARAS

**Ұйғыр ауданында қазақ-ұйғыр жастары арасында жанжал шығып, төбелеске ұласқанын, арасында жарақат алғандар бар екендігін естіп өте қапа болдым. Бұл сөз жоқ, идеологиялық жұмыстардың олқылығы деп ойлаймын.**

# ҰЙҒЫР АУДАНЫНЫҢ ҚАРАДАЛА АТАУЫ ҚАЛПЫНА КЕЛТІРІЛСЕ...




Жалпы ұйғыр халқына жаппай қара бояу жағуға болмайды. Олар да өзінше бір халық, туыс халық, түркі халқы, мұсылман халқы. Негізгі мекені қазіргі Қытай жерінде. Ұйғыр халқы бірнеше ғасырдан бері өз тәуелсіздігі үшін күресіп келеді. Саяси тұрғыдан ашықтан ашық оларды қолдауға құқымыз жоқ болса да, өз басым іштей мұсылман бауырларымыз ғой, өз алдына ел болып кетсе ғой деп тілеймін.

Ұйғыр халқының еңбекқорлығы мен мәдениетіне, тілі мен дәстүріне құрметіміз үлкен. Бірқатар ұйғыр қаламгерлерінің шығармаларын қазақ тіліне аударуға атсалысқаннан болар ұйғырша да тәп-тәуір сөйлей аламын. Бірақ әр нәрсенің ақиқаты болады. Жетісуды XVIII ғасырда қалмақ пен жоңғар басқыншыларынан тазартқан азаттық соғыстарына бірде бір ұйғыр қатысқан емес. Бірде бір ұйғырдың қаны төгілген емес. Қазіргі Ұйғыр ауданы Абылай хан, Албан Райымбек, Шанышқылы Бердіқожа батыр қолдары азат еткен қазақ жерінің ұлтарақтай бір бөлігі. Ежелгі аты – Қарадала.

Ресей мен Қытай арасындағы 1882 жылғы Петербург шарты салдарынан қытай өкіметінің қудалуынан қорыққан 9 мыңдай ұйғыр отбасы Жетісуға табан іліктірген. Онда да генерал-губернатор Г.А.Колпаковскийдің қолдауымен, жергілікті қазақ болыстарының келісімімен көшіп келген ұйғыр отбасыларына тіршілігінің диқаншылық сипатына байланысты шұрайлы жерлерден қоныс берілген. Көшіп келгендеріне небары 140 жылдай ғана уақыт өтті.

Бұл аралықта қазақ пен ұйғыр арасында ешқашан соғыс, көлемді жанжал болған емес. Қайта қыз алысып, қыз берісіп, құдандаласып, бауырластық байланыс нығайып жатты. Кеңестік кезеңде большевиктік саясат салдарынан Қарадала өңірі әкімшілік бөліністе Ұйғыр ауданы аталып кетті. Өкінішке қарай тәуелсіздік жылдарында ұйғыр, дұңған, орыс, грек, т.б. диаспоралар тұратын аумақта идеологиялық жұмыс жеткілікті деңгейде жүргізілмей қалды. Соның салдарынан бүгінгі ұйғыр диаспорасы жастары арасында қазақтың Қарадаласын ұйғыр диаспорасының меншігі ретінде қабылдау пайда болды. Қазақ пен ұйғыр жастарының арасындағы жанжалдың төркіні сонда жатыр.

Қазақ халқы, қазақ мемлекеті ұйғыр диаспорасының бай да бақуатты тұруына, мәдениеті мен тілінің дамуына барынша жағдай жасап отыр. Ұйғыр халқының бұл тұрғыдан қазақ халқына өкпесі жоқ деп ойлаймын. Ұйғыр тілінде оқытатын мектептер, ұйғыр тіліндегі газет, ұйғыр театры, т.б. соның дәлелі. Ұйғыр диаспорасы осы тыныштықты жалғастыруды қалайды екен, онда қазақ халқымен тату тұрудан басқа жол жоқ! Қазақстан – бәрімізге ортақ Отан. Осы қағида терең түсіндірілуі керек.

Егер Қазақ жерін менсінбесе ешкімді күштеп ұстап тұра алмайтынымыз тағы анық! Нақты бір ақиқат – Ұйғыр ауданы атауы әлем картасында ұйғыр мемлекетінің жалауын көтеретін жер емес. Сондықтан өз басым ұйғыр диаспорасы арасында меншік сезімін туғызатын атауды ауыстырған жөн деп есептеймін. Айталық, аудан атын Қарадала ауданы деп өзгерту елдің, жердің тарихи атауын қалпына келтіруге мүмкіндік берер еді.

Жастар арасындағы мына түсінбестікке құқық қорғау орындары лайықты баға береді, заң бұзушылықтарға жол бергендер жазасын алады деп сенемін!

**Марат ТОҚАШБАЕВ**
*Қазақ үні*

# ДӘРІГЕРЛЕР ЕРЛІК ЖАСАУДА,
## БІРАҚ ЖАҒДАЙДЫҢ ҚИЫНДАУЫ ЖАППАЙ ҚҰБЫЛЫСҚА АЙНАЛУДА

### ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҮКІМЕТІНЕ «АҚ ЖОЛ» ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ ПАРТИЯСЫНЫҢ ҮНДЕУІ

«Ақ жол» партиясы мемлекеттік органдардың коронавирус пандемиясына қарсы іс-қимылдарын қолдайды. «Ақ жол» ҚДП парламенттік фракциясы ҚР Үкіметіне карантинді реттеуді толықтыру бойынша депутаттық сауал жолдаған болатын.

Өкінішке қарай, өткен апта ішінде жағдай едәуір нашарлады. Мысалы, депутаттық сауалда біз науқастарды ауруханаларға жатқызбау жағдайлары туралы айтқан болсақ, ол бүгінде жаппай құбылысқа айналуда.

Тіпті, ірі қалаларда ауруханаларда орын болмағандықтан дәрігерлер науқастарды ауруханаға жатқызудан бас тартып, оларды үйлеріне жіберіп, вирустың одан сайын таралуына ықпал етуде. Жедел жәрдем қызметтеріндегі ақаулар мен бірнеше сағаттық кідірістер де жиілеуде. Мұны шенеуніктер жоққа шығаруға құмар әлеуметтік желілердегі хабарламалар ғана емес, біздің әріптестеріміз бен жақындарымыздың бастан кешкен оқиғалары да растап отыр.

Пандемия аясында басқа да аурулармен ауыратын (онкология, жүрек аурулары және тағы басқа) адамдар тиісті назардан тыс қалып отыр, олардың да жағдайы нашарлауда.

«Ақ жол» Демократиялық партиясы депутаттық сауалда коронавирус анықтайтын тестілердің жетіспеушілігі мен адамдардың 3 ай бойы табыссыз қалғанына қарамастан тестілердің бағасы негізсіз жоғары екенін айтқан болатын. Апта ішінде жағдай одан бетер ушықты.

Біз медицина орталықтарында медициналық қызметкерлердің тапшылығын, науқастарға қажетті ем-дом жасауға үлгермей жатқандығы туралы да айтқан болатынбыз. Енді ашық ақпарат көздері дәрігерлер мен медбикелердің үлкен ауруханаларда көптеген жұқпалы аурулардың, физикалық және эмоционалдық шаршаудың салдарынан жұмыстан кетіп жатқаны туралы хабарлауда.



Медицина қызметкерлерінің кәсіби мерекелері күндерінде «Ақ жол» Демократиялық партиясы пандемия соққысын бірінші болып қабылдаған дәрігерлердің өз денсаулығын (кейде өз өмірлерін) тәуекел ете отырып, басқа адамдарды құтқару жолындағы жанкиярлық еңбектерін жоғары бағалайтындығын атап өткіміз келеді. Осы қиын уақытта қатардағы дәрігерлер мен медициналық қызметкерлер елімізде тәулік бойы көзге көрінбейтін ерлік жасауда, біз оларды жоғары бағалауымыз керек.

Дегенмен, басқару деңгейінде денсаулық сақтау жүйесі болып жатқан оқиғалардың ауқымын еңсере алмай жатқанын мойындауымыз керек.

Жағдайдың өршуіне модульдік клиникалардың жедел құрылысы да ықпал ете алмады, олар пандемияны еңсеруде айтарлықтай рөл атқармады, бірақ қомақты бюджеттік қаражатты иеленіп кетті.

Қоғамда ресми медицинаға деген сенім жоғалып, әртүрлі «емшілердің» антибиотиктерді, басқа препараттарды, тұздарды және т.б. жүйесіз қолдану туралы кеңестері таратылуда. Бұл денсаулыққа қауіп төндіруі мүмкін.

Жоғарыда айтылғандарға байланысты «Ақ жол» Демократиялық партиясы Қазақстан Республикасы Үкіметінен:

1) Науқастарды госпитализациялауды қалпына келтіруді, қажет болса азаматтық медициналық мекемелерден басқа әскери бөлімдердің стационарлық және жылжымалы әскери госпитальдарын тартуды;

2) Госпитализацияға орын жетпесе — тар коридорларда жатқызғаннан, немесе жұқпалы адамдарды үйіне,отбасына қайтарғаннан гөрі уақытша орталықтарды- жұмыс істемейтін спорт залдарын, көрме залдарын және медициналық нысандар жанындағы басқа да қолайлы ірі объектілерді уақытша қайта жарақтандыру, оларды қажетті құрал-жабдықтармен жабдықтауды;

3) Қатардағы медициналық кадрларды толықтыру үшін медициналық мектептерден, факультеттерден, колледжерден студенттерді, сондай-ақ бастапқы медициналық білімі бар басқа еріктілерді (медициналық курстар немесе университет кафедралары) тартуды және оларды қорғаныс құралдарымен қамтамасыз етуді сұрайды.

Қазір шағын және орта бизнес субъектілерінің жұмысының тоқтап тұруына байланысты еңбекақы табу үшін тілек білдірушілер табылады.

4) «Симптомсыз аурулармен» жұмыс істеудің тәртібін қайта қарастыру қажет! Өйткені, объективтік және субъективтік себептерге байланысты осы топ вирусты таратушы көздерінің бірі деуге негіз бар.

5) Монополияға қарсы күрес органдарынан қоғамның және мемлекет бюджетінің мүдделерін қорғау мақсатында коронавирусты анықтау тестілері бағасының көтерілуін болдырмауды сұраймыз. Аталған нарықта бәсекелестік және қосымша медициналық мекемелердің қол жетімділігін қамтамасыз ету қажет. Моралдық және қаржылық жағынан да халықтың ауыр жағдайын спекуляция үшін пайдалануға жол берілмеуі керек деп санаймыз.

6) Пандемияға қарсы күрес ойдағыдай ұйымдастырылған тәжірибесі бар елдерден практикалық көмек сұрауды дұрыс деп ойлаймыз.

7) Пандемияға қарсы күрес кезінде негізгі эффект орындаушылардың тәртібі мен азаматтардың өзін-өзі бақылауына тікелей байланысты. Осы бағытта түсіндіру жұмыстарын күшейтуді ұсынамыз.

Өкінішке қарай, біздің депутаттық сауалымыздан кейінгі өткен апта көрсеткендей, келеңсіз оқиғалар өршіп барады. Сондықтан да, «Ақ жол» Демократиялық партиясы Үкіметтен аталған ұсыныстарды мүмкіндігінше қысқа мерзімде қарастыруды сұрайды.

# «АҚ ЖОЛ» ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ МИНИСТРЛІГІН
## ІНДЕТТІҢ УШЫҒЫП КЕТКЕНІ ҮШІН СЫНҒА АЛДЫ

**«Ақ жол» партиясы денсаулық сақтау министрлігін коронавирус індетінің ушығып кеткені үшін сынға алды. Осындай депутаттық сауал Мәжілістің пленарлық отырысында айтылды.**

### ҚР ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІ А.Ұ.МАМИНГЕ





**Құрметті Асқар Ұзақпайұлы!**

«Ақ жол» фракциясы Үкіметтің бірінші кезеңде пандемияға қарсы қолға алған іс-шараларын жоғары бағалайды. Қабылданған шаралар арқасында басқа елдермен салыстырғанда пандемия едәуір бәсеңдеді.

Сонымен бірге, кейбір өңірлерде шектеулерді алып тастағаннан кейін вирус жұқтырғандардың және қайтыс болғандар саны күрт өсті.

Депутаттарға жергілікті жерлерден сырқаттардың госпиталдаудан бас тарту, лық толы емханалық орталықтарда емдеу процедураларын орындамау, медициналық қызметкерлердің өздеріне керекті қорғану құралдарының тапшылығы туралы шағымдар айтылуда. Денсаулық сақтау министрлігінің «ел бойынша орташа есептегенде» клиникаларда орындар және қорғану киім жабдықтар жеткілікті деп сендіргендері шындыққа жанаспайды. Өйткені, шенеуніктер статистикаға сілтеме жасайды, ал адамдар болса нақты жағдайлармен кездесуде.

Олар біздің азаматтарымыз, мемлекет оларды қорғауға міндетті!

Әсіресе, бағасы қымбат, 15 мың теңге екеніне қарамастан коронавирусқа тексерілетін тестілердің жетіспеушілігіне шағымдар түсуде. Десе де, адамдар соңғы үш ай бойы табыссыз өмір сүргені белгілі.

Тіпті Нұр-Сұлтан каласының өзінде тест тапсыруға кезек алу үшін кем дегенде екі күн бұрын тұру қажет. Тест қортындылары да дер кезінде берілмейді. Осындай кезектер туралы шағымдар Алматы, Шымкент, Павлодар, ШҚО, Түркістан және басқа да облыстардан да келіп түсуде.

Сөз жоқ, індеттің осынша өршуіне адамдардың қауіпсіздік талаптарын жіті ескермейтіні де әсер етті. Сондықтан біз аса қауіпті өңірлерде карантинді күшейтуді қолдаймыз .

Сонымен бірге, осы жағдайлар Денсаулық сақтау министрлігі мен әкімдіктердің коронавирусқа қарсы шараларды ұйымдастыруындағы бюджеттен бөлінген қыруар қаражатқа (125 млрд теңге) және алғашқы айларда жинақтаған тәжірибелеріне қарамастан жеткіліксіз деңгейін көрсетеді.

Осыған байланысты, «Ақ жол» партиясы:

1) Барлық коронавирустың симптомдық жұқтырғандарды госпиталдау үшін шұғыл шараларды қолға алуды, қажет болса, шалғай елді мекендердің тұрғындарын тестілеу және бос ауруханаларға ауруларды көшіру үшін санитарлық поезды ұйымдастыруды;

2) Тұрғындарды тестілеу үшін жеткілікті деңгейдегі көлемде тестілермен, оның ішінде тұрғындардың аз қамтылған топтарын тегін тестілеумен қамтамасыз етілуін;

3) Ұлттық деңгейде қосымша карантиндік шараларды енгізу мүмкіндіктерін қарастыруды сұрайды.

**Құрметпен,**
**«Ақ жол» ҚДП фракциясының депутаттары**



**Рахмет ЕСДӘУЛЕТОВ, Алматы облысы Дін істері басқармасының басшысы:**

# ДІН САЛАСЫ ТОҚМЕЙІЛСУДІ КӨТЕРМЕЙДІ

**– Елбасымыздың «Рухани жаңғыру» және «Ұлы даланың жеті қыры» бағдарламалары ұлттық рухани құндылықтарымызды жаңғыртып, деструктивті діни ағымдарға қарсы күресу, туған жерге деген сүйіспеншілік сезімдерді арттыру мақсатында түрлі жобаларды іске асыруға мүмкіндік бергені белгілі. Бұл бағытта өзіңіз басқарып отырған басқарма қандай жобаларды жүзеге асырып жатыр?**

**–** Біз тектілік пен ұлтжандылықтың ұстынын ұсақтатпаған дана халықтың ұрпағымыз. «Өткенін ұмытқан елдің – болашағы бұлыңғыр» деген тәмсілді ой зердесіне қонақтатқан жұрттың жалғасымыз. Мәңгілік мұратты мақсат еткен бабалардың асыл армандары мен мақсат-мұраттары – сіз бен біздің ардақты аманатымыз деп білемін. Сол ардақты да асыл аманатымыз – Елбасы Н.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласымен ұштасып, бүгінгі күні өміршең қалпын сақтап келеді. Жаңғыруға басқан жарқын қадамдардың арасында өңірімізде 2017 жылдан бері жүзеге асып келе жатқан «Рухани керуен» жобасы да бар. Облыс әкімі Амандық Баталов мұрындық болған аталмыш жоба – Қазақстан халқының дәстүрлі рухани мәдениетін ілгерілету, асыл дініміздің жалпыға ортақ адамгершілік қағидаларын насихаттау, рухани сананы жаңғырту және теріс пиғылды діни ағымдарға қарсы күресу, салт-дәстүрлерімізді сақтай білу және тағылымы мол тарихымызды қастерлеуге бағытталған.

Биылғы жылы «Рухани керуен» жобасының IV-ші кезеңі де өз жұмысын бастайтын болады. Қазақтың бас ақыны, ғұлама-ойшыл Абай Құнанбайұлының ұстанымдарын өркениетті мемлекет қағидаларымен үндестігін көрсетіп, дәстүрлі дін тазалығын сақтаудағы үйлесімдігін терең тану мақсатында өңірдің белгілі қоғам қайраткерлері мен дінтанушылардан жасақталған «Рухани керуен» жобасының IV кезеңі аясында қаралған арнайы жоспар негізінде Алматы облысының Қапшағай, Талдықорған қалаларымен Еңбекшіқазақ, Жамбыл, Қарасай, Іле, Панфилов, Талғар, Ұйғыр аудандарында белгіленген мақсатты және басқа да әлеуметтік топтар арасында дін, қоғам, мемлекет, отбасы тәрбиесі, дәстүр мен білімді ұштастырып жергілікті түрлі қоғамдық кеңестермен бірлесіп, бес бағытта көшпелі дәрістер, кездесулер, түрлі форматтағы ақпараттық-түсіндіру және нүктелі оңалту шараларын ұйымдастыру. Рухани керуеннің жұмысын Абайды терең тану мақсатында өңірдің белгілі қоғам қайраткерлері мен дінтанушылардан, өңірдің өкіл имамдарынан, «Жусан» гуманитарлық операция шеңберінде қайтарылғандар мен діни ағым белсенділерінен жасақталған құрам рухани-тағзым сапарын **«Әл-Фарабиден Абайға дейін»** тақырыбында ұлылардың ұстанымдарын өркениетті мемлекет қағидаларымен үндестігін көрсетіп, дәстүрлі дін тазалығын сақтаудағы үйлесімдігін танытатын дәрістер мен кездесулер өткізу. Абай, Шәкәрім кесенелеріне ұйымдастырып, Алматы мен Шығыс Қазақстан облыстарының дін саласындағы оңалту мен деструктивтік идеологияны тосқауыл қоюдағы озық тәжірибелерімен алмасып, өзара қарым-қатынасын орнықтыру *(Меморандум орнату)* мәселелері айшықталып отыр.

Талғампаз көрерменнің таным көкжиегін кеңейтуге бағытталған **«Ғибратты қазына»** телевизиялық рухани кештер жобасы да облыстық «Жетісу» телеарнасында тұрақты түрде көрсетіліп келеді. Аталған жобаның алғашқы хабары қазақтың біртуар ұлдарының бірі, қазақ әдебиетінің шоқтығы биік ірі тұлғасы, қазақтың бас ақыны **«Хакім Абайдың шығармашылығындағы діннің рөлі»** тақырыбымен ашылып, **«Жыр дастандарындағы діннің рөлі және тәрбиелік мәні»**, **«Махаббатсыз дүние дос»**, **«Бүгінгі руханияттағы қаламгерлердің рөлі»**, **«Қазақ даласына ислам дінінің келуі»**, **«Ұлттық құндылықтардың ұрпақ тәрбиесіндегі рөлі»** сияқты басқа да тақырыптармен жалғасын тапты.

Қалың көрерменнің көңілінен шыққан жоба биылдан бастап «Жетісу» телеарнасының бас продюсері Жұмахмет Жайлаубаевтың жүргізуімен елге белгілі дінтанушылардың қатысуымен ай сайын «**Ғибрат**» деген атаумен жарыққа шығып келеді. Осы уақыт аралығында **«Бесігі бар үйде, береке бар»**, **«Махаббат пен ғадауат»**, **«Әдеп пен әдет»**, **«Ұят – иманның жартысы»**, **«Бақ, дәулет жайлы әңгіме»** сынды хабарлар көрермен назарына ұсынылды.

«Ұлы даланың жеті қыры» бағдарламасы бойынша **«Дін және мәдениет – руханият әлемі»** атты жобамыз да ерекше аса маңызға ие деп айтар едім. Жобаның бір бағыты осы айдармен шыққан газетіміз болса, екінші бағыты халық зиярат ететін сакралды ғибадат орындарды жүйелеу және терең зерттеу, түрлі діни әдет-ғұрыптар мен халық аңыздарымен байланысты бірегей діни ғибадатханалар, өңіріміздегі қасиетті жерлерді, әсіресе ежелгі тұрғындардың діни рәсімдерін өтеуге арналған нысандарды анықтап, оның құндылығын саралау арқылы бүгінгі ұрпақтың өткенді тануына септесу болып отыр.

**– Алматы облысы еліміздегі 18 конфессиясының 12-сі қоныстанған көп конфессиялы аймақ екені белгілі. Рахмет Разбекұлы, жалпы облыс аумағында тіркелген діни бірлестіктер туралы толығырақ өз аузыңыздан естісек...**

– Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 11 қазанындағы «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Заңына сәйкес, республикадағы 18 конфессиясының 12-сі біздің өңірде өз қызметін атқаруда. Аталған 12 конфессияға тиесілі 638 діни бірлестіктер мен филиалдары облыс аумағында заңды тіркеуде. Оның 468-і ислам мешіті, 52 – православ, 11 – Рим-Католик, 10 – Ехоба куәгерлері, 96 – протестанттық діни бірлестік және 1 – Бахай қауымдастығы, 1 – Кришна санасы қоғамы. Аталған діни ғибадат орындарында 576 имам ұстаз, 311 христиан діни қызметшілері қызмет етеді. Өңірдегі халық санының өсуімен қатар діни бірлестіктердің де өсу үрдісі байқалады.

Бүгінде облыста заңды түрде тіркелген 33 миссионер жұмыс атқаруда. Аталған миссионерлер төмендегі мемлекеттің өкілдері болып табылады. Оңтүстік Корея – 9, Түркиядан – 2, Испаниядан – 6, Польшадан – 10, Италиядан – 2, Литва – 1, қазақстандық – 3.

Шетел азаматтарының миссионерлік қызметті жүзеге асыруы Қазақстан Республикасының «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Заңы негізінде басқарма тарапынан қатаң бақылауда. Миссионерлік қызметті жүзеге асырушы кез келген азамат басқармаға арнайы құжаттарды өткізу арқылы тиісті сертификатты алады. Облыстағы миссионерлер тарапынан бүгінгі күнге дейін ҚР заңнамасын бұзу фактілері тіркелмеген. Мұны мен асқан сеніміділікпен айта аламын.

**– «Діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл жөніндегі 2018-2022 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламаның» облыс аумағында орындалу барысы қандай? Бұл бағытта өзіңіз басқарып отырған Алматы облысы дін істері басқармасы қандай жобаларды жүзеге асыруда?**

– «Діни экстремизм құрбандары мен деструктивті ағым ұстанушыларын оңалту орталығы» 2017 жылдың 26 сәуір күні Қазақстан Халқы Ассамблеясының 25 сессиясындағы Елбасының Діни экстремизм құрбандары мен деструктивті ағым ұстанушыларын оңалту орталықтарын ашу жөніндегі тікелей тапсырмасын орындау мақсатында Алматы облысы әкімдігінің 2017 жылғы 29 желтоқсанындағы №596 қаулысымен Алматы облысының Дін істері басқармасы ММ «Діни экстремизм құрбандары мен деструктивті ағым ұстанушыларын оңалту орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі өз жұмысын бастады.

«Оңалту жұмыстары олқылықты көтермейді». Бұл сөзді бірнеше рет айтып келемін. Өйткені, азаматтардың қоғамға қайта бейімделулері ұзақ мерзімді процесс. Былтырғы жылғы кешенді оңалту жұмыстарының көрсеткіші бойынша, деструктивті діни ағым ұстанушыларының 87,2% қамтылып, оның 37,1% дәстүрлі ислам нормаларын қабылдады.

Үстіміздегі жылы ДДА жақтаушыларымен жүргізілетін оңалту шаралары – еліміздегі төтенше жағдайдың орын алуына байланысты онлайн режимге ауыстырылып, жұмыстың жаңа тәсілдері қолданысқа енгізілді. Мақсатты контингент өкілдеріне онлайн түрдегі электрондық материалдар білікті әрі танымал теологтардың лекциялары, орталық кітапханасындағы электронды әдебиеттер, QR-кодтар арқылы үлестіріліп, мобильді қосымшалар арқылы онлайн оңалту шаралары жолға қойылды.

**– Алматы облысы дін істері басқармасына қарасты «Дін саласындағы мәселелерді зерттеу» және «Діни экстремизм құрбандары мен деструктивті ағым ұстанушыларын оңалту» орталықтарының жұмыс барысымен толығырақ таныстырып өтсеңіз...**

– Соңғы уақытта жұртшылықты қоғамдағы діннің атқаратын рөлі, мемлекетіміздің зайырлы құрылымы, діни қарым-қатынастары, деструктивті діни ағымдардың таралуы секілді өзекті мәселелер толғандырып жүргені баршамызға аян. Осы тұрғыда әртүрлі діни жағдайларға дереу әрекет ету, талдау, түсіндіру және оңалту жұмыстарын толығымен қамту мақсатында басқармаға қарасты «Дін саласындағы мәселелерді зерттеу» орталығы қызмет атқарады. Оның басты мақсаты: елдегі дін саласына қатысты мемлекеттік саясатты халық арасында насихаттау және де тұрғындардың толерантты санасын қалыптастыру. Бұқаралық ақпарат құралдары арқылы халықты деструктивтік діни ағымдардың ықпалынан сақтандыру, дін саласына қатысты әлеуметтік зерттеулер, ғылыми-талдау жұмыстарын ұйымдастыру болып табылады.

Оңалту орталығында жедел әрекет етуге және ДДА жақтаушыларын оңалтуға бейімделген нақты механизм мен әдістеме құрылған. Жалпы, мекеме құрылған күннен бастап деструктивті діни ағымға ұшыраған адамдардың санын ғана емес, сонымен қатар олардың лидерлерінің радикалды көзқарастарын өзгерту бойынша айтарлықтай нәтижелерге қол жеткізілді. Орталық жүргізіп отырған діни ахуалды талдау мониторингі интернет-ресурстары мен әлеуметтік желілері арқылы радикалды және деструктивті діни ағымдардың әсеріне ұшырайтын адамдардың сандарын, көші-қон процестеріне байланысты қазіргі әлеуметтік және діни мәселелерді қатаң бақылауда ұстайды.

Әртүрлі діни жағдайларға дереу әрекет ету, түсіндіру және оңалту жұмыстарымен толығымен қамту мақсатында әр аудан, қалаларда теолог-инспекторлар қызмет атқаруда.

**– Елді жайлаған індет сіздердің жұмыстарыңызға қалай әсер етуде? Халықпен жұмыс жүргізуді мүмкіндігінше онлайн режимге ауыстырған боларсыздар?**

– Сәуір айынан бастап ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын онлайн форматта өткізуді қолға алдық. Бұған себеп бүгінде әлем халқын алаңдатып отырған коронавирус індеті болып отыр. Төтенше жағдайдың енгізілуіне байланысты ҚМДБ-ның мешітте жұма және бес уақытнамаз оқуға қатысты пәтуасы мен Митрополиттің шешіміне сай ғибадат үйлерінің кіреберістері мен хабарлама тақтайшаларына вирустың алдын алу бойынша ескертпе қағаздар жапсырылып, діни бірлестіктердің жұмысы туралы уақытша хабарланған парақшалар ілінді. Келушілерге болып жатқан жағдайға түсіністік танытып, көпшілік орындарда өтетін садақа астар мен жиындарды, діни іс-шараларды мүмкіндігінше үйде өткізу турасында тиісті ақпараттар берілді. Онлайн форматқа ауысқалы бері, өзіміздің де жұмыстарды ұмыт қалдырған жоқпыз. Өңіріміздегі білікті мамандар мен танымал тұлғалардың қатысуымен тікелей эфир арқылы дәрістерімізтұрақты түрде өткізіліп келеді. Аталмыш дәрістер негізінде «Бала психологиясының қырлары», «Діни экстремизмнің алдын алудың аспектілері», «Дін мен ғылымның біртұтастығы», «Қазақ қоғамының рухани өміріндегі діннің рөлі», «Религиозные тенденции в современном казахстанском обществе», «Современные методы социологических исследований», «Дәстүрлі емес діни ағымдардың миссионерлік қызметі», «В чем польза от соц. исследований для власти и общества», «Дәстүрлі емес діни ағымдардың әлеуметтік желідегі белсенділігі», «Дәстүрлі емес діни ағымдардың сипаты», «Дін және жастар», «Діни білімнің негізін Қазақстанда алудың артықшылығы» сынды тақырыптары қамтылып, арнайы бейне-материалдар да жарияланды.

Жалпы, өңірдегі діни ахуал тұрақты деп зор сеніммен айта аламын. Алдағы уақытта атқарылар ауқымды жұмыстар мен ілкімді істер өз нәтижесін береді деген үміттемін. Тәуелсіздікпен бірге тәбәрік болып келе жатқан тұрақтылығымыз бен тұтастығымызға сызат түспесін деген тілек білдіремін!

**– Әңгімеңізге рақмет!**

**Сұхбаттасқан**
**Темірлан АЙТБАЕВ**

№24-25 (894-895) 22-29.06.2020 jyl
ҚАЗАҚ ҮНІ
www.qazaquni.kz

**Мен оншақты күн ауырып жатып, әлеуметтік желіні қарамай қалған едім, бір шу болып өткенге ұқсайды. «Talas» студиясы түсірген қысқа юбка киген қызды қорғаған жігіт туралы ролигі үлкен дауға айналыпты. Бұл жерде әңгіме «уақыты өтіп кетті ғой» дейтін жеңіл-желпі тақырып емес – Ұлттық тәрбие туралы болып тұр. Оның үстіне менің атымды атап, екі-үш блогер «Осы ұлттық тәрбиеге байланысты шыққан ролик шуға айналғанда Сіздің пікіріңіз естілмеді, білгіміз келеді?» деп «Ел не дейді» тобында жазыпты.**
**Бірден айту керек, әңгіме шымкенттік «Talas» студиясы түсірген бейнебаян болса, онда оны түсіргендерге де, түсірткендерге де рахмет айту керек!**

# ТІЛІҢ ҚАНДАЙ БОЛСА, ДІЛІҢ СОНДАЙ!

## «ТАЛАСҚА» ТАЛАС ЖОҚ





Қандай оқиға болса да, өткен соң, ыстық-суығы басылған кезде ғана оған талдау жасауға ыңғайлы болады.

Ендеше біз де сараптап көрейік деп, ел пікірі қандай болғанын білмекке желіні шолып шықтық.

Бірден байқалғаны, Қазақ тілді контенттің бәрі қолдаған. Роликтің өзін ютубта екі күнде 468 мың адам көріп, оның 25 мыңнан астамы қолдап лайк басқан. Ал қарсы болған дизлайк саны -513. Яғни, 1 пайызға да жетпейді. Сонда 99 пайызға жуығы қолдап отыр. Ендеше неге 1 пайыздың ығына жығыла салған қорытынды жасалған?! Тіпті бейнебаян түпнұсқасын ютубтан өшіруге мәжбүр болған «Талас» студиясы. Бірақ көшірмелеріне қарасаңыз да ел көзқарасы жоғарыда айтқанымыздай қолдаған бәрі. Сонда «мен мини юбка киемін, сондықтан қарсымын» деген 1 пайыздың көңіліне қарап, фильмді өшірткен шешім ол фильмді қалаған 99 пайыздың құқын шектеп тұрғанын неге ойламаймыз?!.

Біз қазақ қызын тәрбиеге шақырған фильмді жабылып жүріп өшірткенде, оны қырғыздар көшіріп алып, орысша субтитрмен қойып қойды ютубқа. Онда да роликке деген ел көзқарасы ділміз бір туыс ел болғандықтан тура біздегімен шамалас. Екі аптада 1,1 миллион адам көрген. Оның 25 мыңы лайк басып қолдаған. Тек 1400-дей қарсы болған! Яғни 5 пайыздай ғана дизлайк.

Бірден айтарымыз, көзқарасты комменттерге емес, лайкке қарап бағалаған дұрыс. Өйткені, бір адам бір өзі отырып алып, өзіне ұнамаған соң жүздеген пікір жаза береді. Ал лайкты бір адам бір-ақ рет қана баса алады.

Бізде сол баяғы құлдық санамен қазақ тіліне қарсылықты қолдап, ұлттық мүддеге жат тәрбиені жанталаса жақтайтын, орыстілді сайттардың ойбайына қарап шешім шығарғаны белгілі. Ал қазақ тілді БАҚ қарсы шықаны байқалмайды.

Ұлттық мүдде, ұлт тәрбиесіне келгенде «әркімнің өз еркі» деген қағида жүрмеуі керек. Бұл жерде «Талғамға талас жоқ» емес,

«Таласқа» талас жоқ! Тағылымды бейнебаян!

Осындай тәрбиелік мәнді дүниелерді көбейту керек!

Бұл бейнебаян туралы екі күн бұрын ғана сол Шымкент қаласында тұратын ішкі істер саласының ардагері, бірнеше облыста ішкі істер басқармасын басқарған полковник Әлімхан Әбжанов «Қазақ үні» сайтында өте жақсы жазды. Ол қаланы әдейі ерінбей жаяу аралап шыққкан, қыздардың бәрі солай киіне ме екен деп. Шымкентте 200-дей қыздың біреуінен ғана байқап, қуанып қалыпты.

Ендеше шудың үлкені неге Шымкентте шыққан? Бұл жоғарыда айтып отырғанымыздай, санаулы топтың ұлттық тәрбиені насихаттаған фильмге қарсы қасақана түрде жасалған әрекеті деп білуге болады.

Солай киініп жүрген жүзден біреу ғана болса, сол бейнебаянға қарсы болатындар жүзден бір-екеу ғана болуы керек емес пе? Өзі солай киінгендіктен ғана қарсыласудың қажеті жоқ. Етегі қысқаның ақылы да шолақ, ұзарту керек. «Қызға қырық үйден тыйым, қала берді есіктегі күңнен де тыйым» деп өскен қазақпыз. Мысалы, сондай киім киген қыз саналы, тәрбиелі, зиялы ортаға кіріп бара алады ма? Жоқ! Ендеше, бейнебаян бейнелегендей бар бәле «спецодеждада» болып тұр.

Ролик әдемі келтірген, сырт киіміне қарап полицияны, дәрігерді тануға болатынын. Тапқырлық! Жасыл кеудеше киіп жол жөндеп жатқандарды да қосып жіберсе артық болмас еді...

Осы оқиғадан түйер ой – Тәуелсіздік алған отыз жылдағы жеткен «жетістігіміз» қоғамның екіге бөлінуі. Екі тіл – екі діл – екі әлем екеніне тағы да көз жеткіздік. Тілің бөлек болса, ділің де бөлек. Тіл қандай болса, діл де, тәрбие де, көзқарас та солай!

Екі әлемнің тартысына куә болдық тағы да...

Қазақтілді орта фильмді «Қазақ қызын қорғаған қамқор аға» ретінде түгел қолдаған.

Ал орыстілді орта «миниюбка киген қызды жезөкше санаған жаман ойлы зорлықшыл еркек» ретінде әдеттегідей байбаламға басқан.

Тақырыптары да солай, ниет-пиғылдарына қарай екі түрлі, қарама-қарсы бағытта қойылған. Мысалы, Liter арнасы «Сексистский видеоролик» деп айқайлатып тақырып қойған. Онда қарсы шығушылар, әрине өзге арналарға қарағанда басым.

Ал қазақы арналар, мысалы бір арна «Өнеге алар ролик» деп атаған. Онда 90 пайызы қолдаған.

Негізі фильмнің аты «Жезөкше» емес, «Қазақ қызының арын қорғаған жігіт» аталуы керек еді...

Сол секілді бейнебаянда түзеп жіберер майда кемшілік тұстары жоқ емес... Орыстілділердің жабысып отырғандары да сол «сағатың қанша» деген сұрақ. Бұл жерде қыздың қысқа юбка киіміне қарап жезөкше екен деп ойлап қалғанын білдіру мақсатында әдейі сұрап тұрғаны белгілі. Мысалы, менде де осыдан бес-алты жыл бұрын осыған ұқсас кішігірім жәйт болған. «Жұлдыздарымыз қайыршы ма? МИЫҢ БҮТІН БОЛМАСА, КИІМ ЖЫРТЫҚ БОЛАДЫ!..» атты мақалада жазып едім, қайталап кетейін:

«Өткенде Астанада есік алдындағы көкөніс дүкеншеден жеміс-жидек алдым. Сатушы қайтарымға бірнеше шақа (монета) берді. Қолыма ұстаған күйі есікке бұрыла бергенде, қасында күйеуі, әлде, жігіті бар бір жас қазақ қыз ба, келіншек пе, кіріп келе жатыр екен... Бет-аузы боянған, менің шашымнан да қысқа шашы күлгін бе, жасыл ма, түсініксіз бір бояуға бояп алыпты. Көзім жұлма-жұлма жыртық жинсиінен жалтырап көрініп келе жатқан тізелеріне түсті... Аяп кеттім де, алақанымдағы майда тиындарды ұсындым... Көзі бақырайып: «Вы что делаете, с ума сошел!»-деп шаңқылдап кетті... «өзінің» тілінде. Мен де өз тілімде:
– Қайдан білейін, жыртық-жыртық шалбар киіп алғаныңа қарап, қайыршы ма, бомж ба деп қалғаным ғой!..» – деп жауап бергенім бар. Бұл жерде мен де әдейі солай қабылдап тұрмын ол қызға әсер етсін деп. (Айтпақшы, осы идеяны да ұсынамын «Талас» студиясына).

Одан соң көлік есігін жауып алуды «зорлық» белгісі ретінде қабылдағандар бар. Қарсы пікір жазып отырғанның 90 пайызы жігіттің қызды қорғап отырғанын тіл білмегесін түсінбей сөгіп отыр! Жігіттің «Мен қыздың етегін аңдып жүрген жігіт емеспін. Әр қазақ қызы менің қарындасым» деген сөзі кейіпкердің келбетін айқын көрсетіп тұр. Оның қазақ қызының қымбат арын сақтау керектігі, қызға қорған болар сөздері мен ұлттық тәрбие туралы ұлағатты әңгімесінде орыстілділердің ешқайсысының шаруасы жоқ. Өйткені, олардың ол мағыналы сөздерді түсінуге сауаттары жетпеген. Сондықтан да коммент жазушылардың көбісі фильмде орыс тілінде титр болмағанына өкініш білдіреді... Бір Анара атты («Анара» емес «Анар» екенін ол бұл дүниеде түсінбей өтетіні анық, өйткені тілі мен ділі басқа) орыстілді қазақ әйелі қызы мектепке мини-юбкамен барғанда мектеп директорының «киіміңді ауыстырып кел» деп қайтарып жібергенін, қызына ескерту жасаудың орнына желөкпе шеше қызының алдына түсіп алып, мектепке жетіп барып, директормен қоса бүкіл мектептің шаңын қаққанын, содан қызы қазір мектепке миниюбкамен «демонстративно» киіп барып жүргенін мақтанышпен жеткізіпті! Не деген масқара! Қайда келгенбіз, қайда бара жатырмыз? «Шешесін көр де, қызын ал» дегендей, мұндай шешеден шыққасын да, шектен шығып жүргені қызының... Ол қандай мектеп директоры екен бұған жол беріп қойған...

Сол секілді қарсы шығушылардың көп айтатын сөзі «қазір XXI ғасыр» екен-мыс. Ендеше, XXII ғасырда киімнің керегі болмайтын шығар...

Көп сайттар фильмге «Миниюбка киген қыз жезөкше телінетін» деп түсіндірме беріпті. Жоқ, олай емес, Қазақ қызын тәрбиеге шақыратын, иә, дәл солай, «жезөкшелік бейнеден» сақтандыратын атышулы видео режиссері, отызға жуық тәрбиелік мәні зор фильмдер авторы Серік Таластың:

– Мен кино арқылы тәрбие беруге, әсер етуге болатынын жақсы білемін және өмірде талай басымнан өткен.

Біздің мақсатымыз – қазақтың ұлттық тәрбиесін сақтау. Бейне осы мақсатта түсірілген. Тәрбие тал бесіктен басталады. Менің үш қызым бар. Олардың болашағы мені қатты алаңдатады. Біз мәселені ашық көрсетіп, оны кино арқылы шешкіміз келді – деген сөзінде мәселенің барлығы тұр емес пе?!.



Тәрбиелік мәні бар өте жақсы фильм!

Оған қарсы шығып «шуға» айналдырып, тегін жарнама жасап берген сайттарға да «рахмет».

Бір қызығы, аттанға сүрен қосып жатқандар естері шыққандары сонша, бұл тәрбиелік бағытта түсірілген көркем фильм, яғни шығарма екенін естен шығарып алған... Шын өмірдегідей қабылдап, тіпті жергілікті орыстілді феминисткадан бастап, астанадағы белгілі заңгерлерге дейін араласып, енді болмағанда «Қысқа юбкалы қызды қорғау комитеті» құрыла жаздапты... Күлесің бе, жылайсың ба?..

Дегенмен, ең бастысы фильм негізгі мақсатына жетті.

Біріншіден бүкіл халыққа тарады.

Көргендердің көргендісі қолдады. Көпшілік көңілдеріне ой түйді.

Екіншіден, «Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен» дегендей, бұрын тобырға еріп, еліктеп киіп жүрген қыздар сабақ алды.

Енді ондай киімі бардың өзі, есі болса, шолақ киімімен тізесін шодырайтып, жартылай жалаңаштанып жүрмейді. Кигелі ұстап тұрып, фильм есіне түсіп, тастай салатыны анық.

Үшіншіден, ел енді ол қысқа етек киімді «Жезөкшенің киімі» деп қабылдайды.

Міне, бейнебаянның, экранның тәрбиелік күші.

Өкінішке орай, кейде біздің ел көретін телеарналарымызда да жыртық шалбармен шығып кететін «әншілер» бар. Мысалы, жаңажылдық шоуларда байқап қалдық бір-екі рет. Мәселе, әншіде емес. Миың бүтін болмаса, киім бүтін болмайды. Сондай жалбажұлба киіммен соларды экранға шығарып жүрген телеарнада. Міне, бұл кері тәрбие беру! Халықтың қаржысы арқасында хабар таратып отырып, халыққа қарсы жұмыс істеу! Өйткені, әншісі телеарнада жыртық шалбар кисе, елікпе-желікпелер не істемейді?!.

Жоғарыда айтып өткендей «Қазақ үні» газетінде бұл жыртық шалбар мәселесін бірнеше рет көтергенбіз.

Яғни, ұлттық идеологиялық ұстанымымызды айқындайтын кез баяғыда жетті! Енді кешігіп бара жатқан сайын осылай кемшілігі де шығуда...

Мысалы, сол Шымкент қаласынан екі сағаттық қана жердегі Өзбекстанда осындай фильм шықса, біріншіден, бірігіп алған бір топқа ұнамады екен деп өшіртіп тастамайды. Екіншіден, оларда мұндай тәрбиелік мәні зор фильмге ешкім қарсы шықпайды. Үшіншіден, Өзбекстанда мұндай қысқа юбканы ешкім кимейді.

Яғни, мұндай кино шығарудың да қажеті жоқ.

Себебі, Өзбекстан тілі бір, ділі бір, дәстүрлі ұстанымы берік, ұлттық идеологиясы мықты ел.

Осындай Ұлттық ұғымды ұғындыратын тәрбиелік мәні бар тәлімді дүние жасаған

«Талас» студиясына да, оған қолдау жасағандарға да мың алғыс!

Яғни, фильмнің қорытындысында жазылғандай: «Ұлды тәрбиелесең – Елді тәрбиелейсің! Қызды тәрбиелесең – Ұлтты тәрбиелейсің!»

**Қазыбек ИСА,**
*Қазақ үні*

**Жерұйығы – Жетісуда орналасқан «Жетісу» телеарнасы тек ғана жергілікті халыққа ғана емес барша қазақстандықтардың игілігіне қалтқысыз қызмет етіп келе жатқан арна. Осынау теларнаның бас продюсері, бүгінде асқаралы алпысқа келіп отырған Жұмахмет Жайлаубаевпен Журналистердің кәсіби мерекесі қарсаңында тілдесудің сәті түскен еді.**



**Жұмахмет ЖАЙЛАУБАЕВ,**
**«Жетісу» телеарнасының бас прдюсері:**

# АҚПАРАТ САЛАСЫНДА БИЛІК ЖОҚ, БІРАҚ КҮШ БАР

**– Жұмахмет аға, асқаралы алпысыңыз құтты болсын! Алпыстың асуынан асқанда өзіңізді қандай ой мазалады?**

– Рахмет. Апам марқұм айтып отыратын «Елдестіретін елшің, емдейтін емшің болмаса да, тілеуіңді тілейтін тілекшілерің көп болсын» деп. Апамның тілегі қабыл болғанын осы күндері жақсы сезіндім. Әлеуметтік желіде құттықтағандар да, карантиндеміз бара алмадық деп хабарласқандар да, арнайы келіп шапан жауып кеткендер де көп болды. Осы күндері «асқаралы биікке шығуыңызбен» деген тілектер жиі айтылды. Шыныменде сондай биікке шыға алтуысқандар сияқты арқа жарқа болып қаламыз. Осы Талдықорған қаласында фотоательде істеген ең бірінші қазақ фотогроф менмін деп бүгінде мақтанышпен айта аламын. Кейін телевидениеге оператор болып келгенімде осы жағдай тағы да алдымнан шықты. Бірақ мен он алты жаста емес едім. Қырықтың қырқасына шығып қалған кезім көп қинала қоймадым. Қырық төрт жасымда жоғары оқу орнына сырттай түсіп қырық сегіз жасымда диплом алдым. Алпысқа келгенде қандай ой мазалады деп отырсыз ғой. Алпысқа келуім коронавирус деген індеттің таралуымен қатар келіп қалды. Сондықтан көп мазалайтын дым ба деген ой келеді. Алпыс жыл өмірімнің біраз бөлігін бос өткізіп алғаныма өкінемін. Сенека «Қанша адам менен озып кетіпті дегенде артымда да қанша адам ілесіп келеді дегенді қоса ойла» депті. Осы тұрғыдан қарасам, мен шыққан биіктерге шыға алмай қалғандар да бар екен.

**– Талдықорғанға қалай табан тіредіңіз? Өткенге бір сәт көз жүгіртсек...**

– 1976 жылы он алты жасымда Талдықорған қаласына келдім. Қар аралас жауын жауып тұрған қараша айы болатын. Арман қуып келмедім, әпкем жетектеп алып келді. Ауылда мектеп бітірген соң тракторист болып еңбек жолын бастағам. Ол замандарда алғыс айту да, көңіл айту да, қуану мен қайғыру да арақсыз болмайтын. Көп ұзамай мен де сол арнаға түсетінім анық еді. Талдықорғанда «Фабрика бытового обслуживание» деген облыстық мекеме болды. Облыс көлеміндегі барлық тұрмыстық қызмет көрсету комбинаттарының үстінен қарайтын. Сол мекемеде жеңгем есеп-қисап бөлімін басқарады екен. Мені директорына алып барып мына баланы фотографияға оқушы ретінде алайық деді. Аты есімде жоқ Шаяхметов деген кісі болатын «Мен қазақтарды алмаймын. Қазақтар істей алмайды» деді.Осы бір ауыз сөз менің тағдырыма көп әсерін тигізді. Шындығында, істей алмайды емес , істетпейді екен. Барлық жерде өзге ұлт өкілдері. Орысшам «здрәстенің» ар жақ бер жағы. Жеңгемнің беделімен жұмысқа алындым. Жіберген жеріне бардым. Маған адам екен деп біреуі қарамады. Сан мәрте ауыл қайдасың деп тартып отырғам келді, бірақ директордың «казақтар істей алмайды» деген сөзі намысымды қамшылап жұмысымды жалғастыра бердім. Үш айдан кейін атымды сұрады. Әрине, Жұмахмет деп айту оларға ол кездері құранның аяттарын жаттаумен бірдей еді. «Атың қиын екен. Женя деп айтайық» деді. Ол кездері қазақтардың барлығы Коля, Боря, Саша, Гуля, Катя болып атын орысшалау «мода» болатын. Амал жоқ көндік. Кейіннен тіл табысып қазір кездесіп қалсақ мәселе осының төңірегінде. «Адамнан ағаттық кетпей Алладан азап жетпейді» деген бұрынғылардың сөзі бар. Сол ағаттық қайдан кетті деп ойланамын.

**– Күні кеше ғана 20 жылдығын атап өткен «Жетісу» телеарнасының тыныс-тіршілігі, күні бүгінге дейін жеткен жетістіктері туралы тілге тиек ете отырсаңыз...**

– Уақыттың құмдай сусып, сынаптай сырғып өтіп жатқаны телеарна қызметкерлеріне ерекше байқалады. Бір хабарды дайындап болғанда, екінші хабардың да уақыты тақалып қалады. Тарау-тарау тоқпақжал толқынның бірін бірі қуғанындай бір күнді бір күн қуалап, зымырап өтіп жатқан уақыт. Кейде бір материалыңды іздеп архивке барсаң, кеше ғана жасалған дүние сияқты көрінгенімен екі үш жыл өтіп кеткенін байқайсың. Сонда да бізге уақыт шексіз сияқты; күндер, айлар, жылдар өтіп жатқанына мән бермейміз. Тезірек хабарым дайын болса, тезірек демалысқа жетсек, тезірек жаз шықса, т.б толып жатқан «тезірекпен» өз уақытымызды өзіміз қамшылып жүрдек пойыздай жүйткіп келеміз. Аттың жалында, түйенің қомында жүріп бірдеңе тындырғандай боламыз. Жиырма деген дүниеге келіп, етегін жауып, есі кіретін кезеннен өтіп, шыңдауы қанған, қайрауы жетілген семсер секілді жарқылдап жүретін азаматтың жасы. Қазақтың үкілеген өз құнанын өзгелердің тұлпарынан артық көретін ерекше мінезі бар. Өзіме бұрғандығым емес, шындығында «Жетісу» арнасы бүгінде төрткүл дүниеге түгелдей болмаса да, исі қазаққа таң нұрындай танылған арна. Ал осы жиырма жылда мен не бітірдім? Азаматтық толысу, журналистік қалыптасу, кемелдену жолынан өте алдым ба? Ақыл, білім, ой, намыс деген рухани қаруларымен қаруландым ба? Былай айтсам, мақтанып жатыр, олай айтсам, ақталып жатыр деген ой туындамас үшін бұл сауалдардың жауабын талғампаз көрерменнің өз ғұзырына қалдырайын. Өткенді үнемі мақтанышпен аңсап отыратын, ертеңіне кілең үміт артатындар мен өткеніне өкінішпен, ертеңіне күдікпен қарайтындар арамызда жетерлік. Менің де өкінішпен қарайтын, мақтанышпен еске алатын тұстарым аз емес. Дегенмен де, ертеңіме деген сенімді жоғалтпадым. Сенім демекші, шығармашылық ортада жүріп, өзіне жалаң сеніп жардан құлағандары да, жар құлағы жастыққа тимей ізденіс үстінде жүріп, мақсат сатыларынан өткендерді де көрдім. Талдықорған қаласы облыс орталығы мәртебесінен айырылып, қала қалыпты тіршілігінен жаңылып, біраз ел үдере көшіп, үйлер қаңырап, есік терезесі қирап, түнде түгілі күндіздің өзінде үңірейіп, үрей шақырып тұратын тұста бейнекамерамды арқалап, телеарна деген тылсым дүниенің есігін аштым. 2001 жылы 14-сәуірде Бикен Римова атындағы облыстық драма театрының бұрынғы ғимаратында Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Талдықорған қаласына облыс орталығы статусын беру туралы жарлығына қол қойды. Тарихи сәттің куәсі болдым. Жақсы хабар сол сәтте ешбір ұялы телефонсыз бүкіл қала жұртшылығына тарап кетіпті. Театрдан шыққан кезде бірбірін құттықтаған адамды көрдік. Одан бері де талай мерекелік шаралардың куәсі болдық қой.

Бірақ, дәл сол кездегідей шынайы қуанышты, еш жерден көре алмадық. Көп ұзамай қаланың тамырына қан жүгіріп, құрылыс жұмыстары қызу басталып кетті. Құрылыспен бірге ақпарат саласының жұмысы да қызды. 22 қыркүйек күні Алматыдан шыққан көш түс ауа Талдықорғанға жетті. Орталық алаңда ақсақалдар бата беріп, ақындар арнау айтып, әншілер ән салып, мың бұралған бишілер мерекенің көрігін қыздырды. Осы көшпен Алматыда іргесі қаланған «Жетісу» арнасы да келді. Үш редактор Н.Борсенко, З.Сайдильдина, Қ.Менаяқова және үш оператор В.Гудзь, М.Омаров және мен осы азғантай топпен жұмысты бастап кеттік. Алғашқы эфир 2-қазан күні сол кездегі «Дидар» деген қалалық арнадан шықты. *«Мың шақырымдық жол алғашқы қадамнан басталады»*, – деп Конфуций айтқандай жиырма жылдан бұрын менің «Жетісу» арнасындағы алғашқы қадамым осылай басталды. Сол жылдар саяси, қоғамдық өзгерістерге толы болды. Талдықорған қаласы да біздің көз алдымызда феникс құсындай қайта туып, қайта жаралып, жаңарып жарқырады. Бүгінгі жаңалық ертеңгі тарих деп қарайтын болсақ, біздің ұжым күнделікті көпшілікке жеткізген жаңалақтарымен облыс тарихын таспада қалдырды. Елінің танылғаны еңсеңді көтеретіндей «Жетісу» арнасы жайында жылы сөз естісек, мерейіміз өсіп қалады. Ондай сәттер әрине, көп. Бүгінгі күрделі адамның, күрбелте жан дүниесінің күнгейі мен терісқейін дөп басатын, көпшілікке беймәлім сырлы сезімдерінің сілемін айқара ашатын дүниелер күнделікті эфирден көрерменге жол тартып, сан алуан соқталы да саф ойларға қалдырып, көңіл көзін ашып көкжиегін кеңейтіп жүргені аңыз немесе дақпырт емес, өздеріңіз көріп жүрген шындық. *«Адам мен өнер арасындағы достықтың жібіне күйкі тірліктің қарғалары қаз-қатар қонып алса, ол жіптің көп ұзамай үзілері хақ»*, – дейді Оралхан Бөкей. Бізде де күйкі тірліктің қарғалары жетерлік. Дегенмен, әншілікті Алла таңлайға беретініндей, мамандықты маңдайға беретінін ескере отырып, әріптестеріме өз мамандықтарыңызға деген махаббат жібін үзіп алмаңыздар деп тілек айтамын.

**– Жұмахмет аға, бүгінгі ұлт зиялыларының көпшілігі телевизия саласындағы тілшілердің кейбірінің тілбұзарға айналғанын айтып кейіп жататынын жиі естиміз. Сала маманы ретінде осы мәселеге деген көзқарасыңызды білсек...**

– Үлкен стадионға барып футбол ойынын көрдіңіз бе? Көрермендердің басым бөлігі ойыншыларға көңілдері толмай отырады. «Анаған пас бер, былай қарай теп, баспен ұр» деген сияқты ақыл айтқыштар да жетерлік. Сонда ойлайсың, «Япырмай аланда жүгіріп жүргендер ең болмаса мына көрермендердің білетінін де білмейтін болғаны ғой» деп. Телеарнада солай. Көрерменнің бәрі керемет журналист, режиссер, оператор біз ғана «дым білмейтіндерденбіз». Баяғыда Қызылқұмда бірнеше адамдар құдық қазып жатыр екен. Құдықтың ішіндегі екеуіне құдықтың сыртындағылар «Кетпенді былай шап, топырақты былай таста» деп ақыл айта беретін көрінеді. Сонда құдықтың ішіндегі біреуі «құдықтың сыртындағының барлығы ақылды» депті. Кейде өзіңді құдықтың ішінде отырғандай сезінесің. Иә, сіз айтқан проблемалар телеарналарда бар. Бірақ соның себептері де жоқ емес. Мысалы, барлық облыс орталықтарындағы жоғары оқу орындарында кейінгі жылдары журналистика факультеті ашылды. Ақылы түрде. Солардың барлығында журналистиканы оқытатын білікті мамандар бар ма? Маманды айтпағанның өзінде сол студенттердің практикадан өтетін мүмкіндіктері қаншалықты? Барлық арналар рейтингке тәуелді. Содан барып журналистикаға үш қайнаса сорпасы қосылмайтын «жұлдыздар» экранда қаптап кетті. Сөз еститін журналистер.

**– Сіздің ойыңызша бүгінгі қазақ журналистикасына не жетіспейді? Әлеуметтік желінің қарқынды дамуы, интернет сайттардың көптеп ашылуы баспасөздің дамуына кері ықпалын тигізіп отырған жоқ па?**

– Кез келген қоғамның рухани өрісі мен өсуі адамдардың әрекет болмысы арқылы айқындалады. Журналист те, әлеуметтік желілердегі блогер де сол сан-салалы әрекеттің бір көрінісі. Желде салмақ жоқ, күш бар. Сол сияқты желдей ескен ақпарат саласында билік жоқ, бірақ күш бар. Сондықтан ақпарат таратудың өзіндік жауапкершілігі болады. Блогерлерге байланысты айтсақ, біріншіден оларда жауапкершілік жоқ. Өмірлік тәжірибесі, белгілі деңгейде білімі жоқ болса да, пікір айтуға шетінен құмар. Ешкінің дауын атан түйе беріп сатып алатындар, сол арқылы ұпай жинап, тез танымал болғысы келетіндері де жетерлік. Көп жыл қалыптасқан ақпарат таратудың дәстүрлі жолы сақталмаса, «өзім қожа, өзім би» деп илеуі кем, иіні қанбаған, сын көз, парасат сүзгісі жетіспейтін дүниесін ақпарат кеністігінде еркін таратып тыйымтосқауыл көрмесе, «еркіндік» деп жүргеніміз көргенсіздікке ұласып кетеді. Нәтижесінде көпшілікті көргенсіздікке тәрбиелеу процесі басталады. Блогер біткеннің бәрі осындай деген ойдан аулақпын. Уақытқа тән әлеуметтік мәні бар шындықты тап басып, дөп көрсете алатындары да баршылық. Сағат Әшімбаев: «Мыңдарға, миллиондарға арнап кітап жазатын адамның ой-өріс, дүниетаным мен көзқарасы ең болмаса, жүзден биік тұруы керек», – дейді. Міне, осы қағида дәстүрлі журналистикада сақталған. Осы саладағылардың да барлығы күреңіне мініп, кемеліне толып жүрген жоқ, алайда жарым сөзге жарты әлемнің тағдырын сыйғызып жіберетін мықты журналистер бар. Ағысы қатты, аударысы көп мына дүбірлі дүниеде сөзден мәңгілік, сөз мәнісінен құдіретті еш нәрсе жоқ. Не жетіспейді дегенге келсек «Қарнымның ашқанына емес кәдірімнің қашқанына жылап отырмын» деген жетім баланың әңгімесі еске түседі. Иә материалдық жағдай қазан да май, шөміш те май еместігі белгілі. Дегенмен де, бізге жетпейтіні көтерілген мәселенің шешімі. Кешегі кеңес өкіметі тұсында ақпарат құралдарын төртінші билік деп айтатын. Есептесетін. Бүгінгі жағдай мүлдем басқа.

**– Әңгіменізге рахмет!**

**Сұхбаттасқан**
**Гүлмира САДЫҚ**
*qazaquni.kz*



# НҰРСҰЛТАН ТҮРКІ ӘЛЕМІНІҢ

**Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев сексен жасқа толды. Ол жаңа заманның ең көрнекті саяси қайраткерлерінің бірі, біздің туысқан Қазақ елін ұзақ басқарған тарихи тұлға.**
**Н.Назарбаев біздің елдер арасындағы екіжақты байланыстың дамуына зор үлес қосты, Әзірбайжанның Жалпыұлттық Көшбасшысы Гейдар Әлиевпен достық қарым-қатынаста болды және сол достық президент Ильхам Әлиевпен қазір де жалғасып келеді.**
**Қазақ елі Тәуелсіздігінің алғашқы күнінен бастап Әзірбайжанмен әрдайым қатар келеді, біздің мемлекеттеріміз бауырлас екі елге жарасатындай, барлық халықаралық платформаларда бірге әрекет етеді, көптеген ірі экономикалық жобалар бірге жүзеге асырылады.**

Әзірбайжан мен Қазақстан арасындағы қарым-қатынастарды дамытуға қосқан айтарлықтай үлесі үшін ӘР президенті Ильхам Әлиевтің Жарлығы бойынша Нұрсұлтан Назарбаев «Гейдар Әлиев» орденімен марапатталды. Сондай-ақ Әзірбайжанда осынау бауырлас елге, Тұңғыш Президент – Елбасына деген ықлас әрдайым зор. Сондықтан да біздің халық оны құрметпен Түркі әлемінің Ақсақалы деп атайды.

Қазақ елі Әзірбайжан секілді патшалық Ресей империясы мен Совет Одағының құрамында болды. Одақ ыдырағаннан кейін Қазақстан Тәуелсіз мемлекетке айналды. Егемендіктің алғашқы күні – 1991 жылғы 16-желтоқсаннан 2019 жылдың наурыз айына дейін елді отыз жылға жуық Нұрсұлтан Назарбаев басқарды – уақыт оның жаңа замандағы ең дана саясаткер екенін көрсетті.

Ол мемлекетке ең бір ауыр жылдарда жетекшілік жасады. Алғашқы кезеңде Қазақстан мен оның экономикасы, ашығын айтқанда, өте мүшкіл еді. Ол кезде Қазақ елінде ешбір соғыс, ұлтаралық қақтығыс болмағанмен, жоқшылыққа ұшыратқан, жүдетіп-жадатқан соғыс жүріп жатқандай әсер болғаны рас. Советтік экономиканың жаппай тұралауынан өндірістің күрт құлдырауы, күннен-күнге жұмыссыздықтың көбеюі, зейнетақы мен жәрдемақы төлеуге қаражат жетпеуі, қалыпты медицинаның болмауы, электр қуатының, пәтер жылытудың, газ бен судың тапшылығы – бәрі қабаттасып, адам төзгісіз жағдай туындады.

Жас мемлекетте қалыптасқан жағдай қауіпті ғана емес, осынау алып территориясы мен көпұлтты этникалық құрамы бар елдің жойылуы қатері күтіп тұр еді: расында, істің дәл осылай аяқталарын болжаушылар көп-тін.

Алайда республика басшысы Нұрсұлтан Назарбаев қысқа мерзімде Қазақстан экономикасын жаңа жолға түсіріп, қоғамды әлеуметтік мұқтаждықтардың шеңгелінен суырып шығарып, халықтың жасапмпаздық потенциалын игілікті де ізгі бағытқа салды, сөйтіп Тәуелсіздік іргесін нығайтты.

Ол қазақ қоғамын бірегей халық ретінде жұмылдырып, қазақ халқының ғасырлар бойғы арманына қол жеткізді. Ұлы Дала төсінде, Еуразия кіндігінде көреген көшбасшысы бар, өскелең келешекке ұмтылған ежелгі дәстүрлері бар жас ел қайтадан дүр сілкінді.

Ұлы адамдар дүниеге ұлы әрекеттер кезінде келеді, ал ұлы істі ұлы тұлғалар жүзеге асырады. Қазақ елінің жолы болды – өйткені мемлекет тұтқасы Тәуелсіздік алған күннен-ақ Нұрсұлтан Назарбаевтай көрнекті саяси қайраткердің қолында еді. Оның ересен мемлекеттік ақыл-ойының, қайтпас қайратының, даналығының, өз еліне адалдығының арқасында Қазақстан Республикасы әлемдегі өз орнын тапты. Және көшбасшының да жолы болғаны анық: ол бірнеше мың жылдық тарихы мен айрықша мәдениеті қалыптасқан дарынды да еңбекқор халықты басқарды. Талай ғасырға созылған отарлық саясат ту-талақай қылған қоғамды бір идеяға біріктіріп, ауыр жағдайдағы геосаяси ахуалды бастан кешкен аса күрделі кезеңде ол бірыңғай тарихы мен бірегей халқы бар мемлекет құрып шыға алды.

Әлбетте, халық алдында атқарған өзге де игі қызметі көп бола тұра, мұны оның ең басты еңбегі деп бағалау ләзім.

Билік тұтқасын ұзақ жыл ұстаған Н.Назарбаев кезеңі жеткен сәтте билікті демократиялық жолмен өткізудің үлгісін көрсетті және оған өзінің ұзақ жылғы басқару кезінде елді жаңа заманғы әлемдік тәртіппен тарихи сахнадағы талабы қатал бәсекелестікке даярлап шығу қажет еді. Сонымен бірге ол бұл істі де лайықты дәрежеде атқарып шықты.

Қазақстан Республикасы жаңа заман кезеңіндегі еуразиялық кеңістікте ірі аймақтық держава дәрежесіне ие, сондай-ақ халықаралық қатынастар жүйесінде белсенді роль атқарады, нарықтық экономикасы серпінді дамыған және ірі экономикалық, өнеркәсіптік, ғылыми, мәдени потенциалы мен жаңа инновациялық технологиясы мол мемлекет.

### ЖЕР АУДАРЫЛҒАН ХАЛЫҚТАР МЕКЕНІНІҢ ЖАҢҒЫРУЫ

Советтік билік басындағылар ХХ ғасырдың 20-30-шы жылдарында Қазақ елі тұрғындарының тең жартысынан астамы қырылған ұлы аштық нәубетінен кейін бұл өңірді жер аударылушы халықтар мекеніне айналдырды.

Мұнда бәрі – «халық жаулары» мен «жау халықтар» түгел айдалып әкелінді. Бұған қоса Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде көптеген кәсіпорындармен бірге сол мекемелердің қызметкерлері де осы елден қоныс тепті. Ал 1950 жылдары өзге республикалардың көптеген адамдары Қазақстанға Тың игеруге жөнелтілді. Мұндай саясат осынау өңірді мыңдаған жылдар бойы мекендеп келе жатқан жергілікті ұлт – қазақтарды өз Отанында азшылыққа айналдырды. Осылайша республиканың солтүстік облыстарына орыстілді халықтар – орыстар, украиндар, белорустар, Волга бойының немістері, т.б. көптеп орналастырылғандықтан, Одақ құлаған соң орыс ұлтшылдары, оның ішінде Нобель сыйлығының лауреаты жазушы Александр Солженицын осынау жерлерді тартып алып, Ресей Федерациясы құрамына қосуды үндеді. Тіпті, америкалық геосаясат алыбы Збигнев Бжезинский өзінің «Үлкен шахмат тақтасы» кітабында Қазақ мемлекетінің дәрменсіздігіне тоқталып, бұл мемлекеттің көп ұзамай жойылатыны жөнінде сәуегейлік жасады.

Әдетте, З.Бжезинский секілді ірі тұлғалар өз долбарларында сирек қателеседі. Бәлкім, ол сонау атақты кітабын жазып отырған сәтте жаңылыспаған да болуы ғажап емес. Тек америкалық геосаясат патриархы мен оның сарапшылары қазақ халқы мен оның көшбасшысын лайықты бағалай алмапты. Тұңғыш Президент Нұрсұлтан Назарбаев өзінің билікке бекер келмегенін дәлелдеп берді.

Ол ұлттық салт-дәстүрге негізделген, сонымен бірге бойына жаңа заманның жетістіктерін сіңірген айрықша мемлекеттің моделін таба білді.

Ұлан-ғайыр территориясы бар, ұлттық құрамы ала-құла және экономикасы әлсіз, алайда табиғи ресурстары аса бай болғандықтан Батыс мемлекеттері көз қызартатын, бұған да қоса Қытай мен Ресей сынды алпауыт елдердің аралығында отырған жас мемлекет осынау ықпалды күштердің ортасынан тепе-теңдік тауып, өзінің ерекше жолын таңдауға тиіс еді. Міне, Нұрсұлтан Назарбаев сол жолды – қазақстандық жолды тапты.

Ол мықты президенттік билікті таңдады.

Нұрсұлтан Әбішұлы өзінің Баку қаласында шыққан «Қазақстан жолы» кітабында мемлекеттік модельді таңдап алуда өзіне көбінесе екі президенттің – Сингапур «кереметінің» атасы Ли Куан Ю мен «бесінші республика сәулетшісі атанған» Шарль де Голльдің табыстары қанаттандырғанын жазды.

Өз елдерін құлаған үйінді арасынан алып шығып, зор прогреске бастаған бұл көшбасшылар өз басқару жолында мықты президенттік билікке сүйенген. Зор басқарушылық тәжірибесі бар адам ретінде Н.Назарбаев та: жас Қазақ мемлекеті секілді осал құрылымды күйреуден сақтап қалу үшін елге беделді көшбасшы мен ересен қуатты билік қажет екенін жіті түсінді.

Елдер мен халықтар арасында тіршілік үшін аяусыз бәсекелестік жүріп жатқан дүниеде жүздеген жылдар бойы отарлықта болған елінді қайта түлету үшін бәсекелестікке қабілетті ел құру қажет еді. Мемлекет болып құрылудың осынау ауыр кезеңінде билік тұтқаларын бір ғана негізгі институтқа жұмылдыру табиғи қадам-тын. Күшті президенттік билік институты елдің саяси тұрақтылығы мен берік экономикалық дамуды қамтамасыз етті.

Енді бір сәт Елбасы – Ұлт Көшбасшысы белгілеген «Қазақстан жолын» айқындайтын Қазақ елінің кейбір жетістіктеріне тоқтала кетейік:

- Қазақстан өз еркімен көлемі жағынан үшінші орында тұрған ядролық арсеналдан бас тартып, Семей полигонын жапты, сөйтіп дүниежүзі бойынша ядролық карусыздану көшбасшысына айналды;
- Елде әлеуметтік бейбітшілік, этносаралық және дінаралық келісім сақталды;
- Қазақстан Орталық Азия аймағының көшбасшысы, сыртқы саяси процестерге толық құқықты және беделді қатысушы деп танылды;
- мемлекет әлемнің бәсекеге ең қабілетті елу елінің тізіміне енді;
- мемлекет өзінің әлеуеттілігін дәлелдеп, әлемдік екі дағдарыстан сәтті шықты;
- елдің экономикалық жетістіктері мен халықтың теңқұқылығының бекітілуі негізінде ұлттық бірлік қамтамасыз етілді;
- мемлекет азаматтарының әлауқатының тез қарқында артуына қол жетті, орта тап пен ұлттық кәсіпкерлік қалыптасты.

### АЛДЫМЕН – ЭКОНОМИКА, ОДАН СОҢ – САЯСАТ

Тәуелсіздік таңында ел жетекшілері алдында реформа бастауындағы іс реті мен даму жолының тиімді бағытын таңдау кезінде қиындық туындады. Н.Назарбаев мемлекеттің саяси құрылымын реформалаумен қатар елдің экономикасын да біртіндеп реформалау жолын таңдап, экономикалық дамуды саяси өзгерістерден бұрын жүргізу туралы міндет қойды. Н.Назарбаевтың «алдымен – экономика, одан соң – саясат» деген формуласы посткеңестік кеңістікте сәтті реформалар әдістемесінің классикалық көрінісіне айналды. Оның мемлекеттік ауқымдағы кемеңгерлігінің, темірдей ерік-жігерінің, даналығының, өз елі мен халқының алдындағы адалдығының арқасында Қазақстан Республикасы көркейіп, әлемдегі өзіне лайықты орнын тапты. Тарихи өлшеммен қарағанда, аз ғана уақыт ішінде Қазақ елі дербес, саяси және экономикалық тәуелсіз мемлекетке

# НАЗАРБАЕВ – АҚСАҚАЛЫ



айналды. Егемендік жылдарында Қазақстан Республикасына $200 млрд. астам инвестиция құйылды, бұл инвестицияның жартысы шетелдерден келген, мұның $50 млрд. жуығын АҚШ инвестициялаған. Егер 1994 жылы Қазақстандағы адам басына шаққандағы Жалпы ішкі өнім 700 американ долларынан сәл артық болса, 2018 жылдың соңынан қарай бұл көрсеткіш 16 есе көбейіп, $11 мыңнан асты. Елдің халықаралық жиынтық резервтері (алтын қоры) $100 млрд. асты. Бүгінде Қазақстан Жалпы ішкі өнім көлемі жағынан бірқатар Шығыс Еуропа мемлекеттерінің алдында келеді. Елге шетелдік компаниялардың тартылуымен бірге жаңа және ең озық технологиялар да келді.

Мемлекеттік «Болашақ» бағдарламасының қолдауы арқылы әлемнің ең үздік университеттерінен білім алған жас ұлттық іскер басқару элитасы қалыптасты. Тіпті, халықтың ең кедей тобынан шыққан дарынды балалар осынау бағдарлама көмегі бойынша шет елдерде оқып, Отанға қайта оралған соң жұмыспен қамтамасыз етіледі.

Бұл салада Қазақ елі бүкіл әлемге үлгі көрсетті.

### «БОЛАШАҚ» БАҒДАРЛАМАСЫ

Қазақ елінде мемлекеттік негіздерді нығайтып, оның экономикалық қуатын күшейту үдерісінде алдыңғы қатарлы жастардың бір бөлігі мемлекеттің қамқорлығымен сай әлемнің ең үздік университеттерінен білім алды. Оның үстіне бұл жоба Қазақстанның барлық аймақтарын қамтыды.

Ел жетекшілері Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы қиындықтарға қарамастан, қазақтың талантты жастарының дүниежүзіндегі ең алдыңғы қатарлы оқу орындарынан білім алуын ұйымдастыру үшін арнайы «Болашақ» білім шәкіртақысын құру туралы тиімді шешім қабылдады. Тұңғыш Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың жарлығы бойынша 1992 жылы құрылған «Болашақ» бағдарламасы бүгінде Қазақстандағы сәтті жүзеге асырылған серпінді жобалардың бірі деп есептеледі. Аталмыш бағдарлама Тұңғыш Президент Нұрсұлтан Назарбаев мәлімдеген әлеуметтік жетілдіру курсын жүзеге асыруда ең маңызды роль атқарады. Бағдарлама түлектері арқылы Қазақстанда бұлар оқыған Әлемдегі алдыңғы қатарлы елдердің озық тәжірибесі енгізіледі. Бұған қоса «Болашақ» бағдарламасы таяу келешекте елді әрі қарай жаңарту ісін жүзеге асыратын ұлттық элита ядросы – іскер де ілгерішіл зиялылардың басты ұстаханасы ретінде бағаланады.

«Болашақ» бағдарламасы дамуының жаңа кезеңі – 2005 жылдан бастап жыл сайын әлемнің жиырма жеті университетіне дарынды қазақ жастары арасынан 3000 адам түсіп келеді.

### ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ АССАМБЛЕЯСЫ

Қазақстанның Тұңғыш Президенті – Ұлт Көшбасшысы саясатында этносаралық қатынас саласы ерекше орын алады. Қазақ елі – 130 этнос пен көптеген конфессия өкілдері тұратын көпұлтты мемлекет. Бірақ Қазақстандағы көпұлттылық факторын нағыз республика игілігіне айналдыруға қол жетті. Нұрсұлтан Назарбаевтың дана да көреген, алымды саясатының нәтижесінде республика өтпелі кезең ауыртпалықтарын сәтті өткеріп, этносаралық негіздегі қақтығыстарға жол берген жоқ. Қазақстан халқы ассамблеясы – мемлекет басшысы жанындағы ақылдасу-кеңесу органы; оның негізгі мақсаты – ұлты мен тіліне, дінге деген көзқарасына, қай әлеуметтік топқа жататынына қарамастан республика азаматтарының құқық теңдігі мен бостандығын қамтамасыз ету. Қазақстан халқы ассамблеясының бірегейлігі – оған, негізінен, конституциялық мәртебе берілуінде. Ассамблеяға Сенат пен Парламентке ұсынылу құқы берілген – Парламент Мәжілісінің тоғыз мүшесі Қазақстан халқы ассамблеясынан сайланады, ал Сенат депутаттарының бір бөлігі ассамблеямен кеңесуден кейін тағайындалады. Ассамблеяны Елбасының өзі басқарады. Бұл – қазақ халқының тұрақтылық роліндегі қоғамдық бірлікті, ұлтаралық келісімді, қазақстандық азаматтық сәйкестікті және жалпы елдік отансүйгіштікті қалыптастырудағы мемлекеттің саяси жүйесінің маңызды субъектісі ретінде зор маңызын байқатады. Қазақстан – посткеңестік кеңістікте этносаралық қақтығыс болмаған жалғыз мемлекет.

### НҰР-СҰЛТАН – САРЫАРҚАДАҒЫ ҒАЖАЙЫП ҚАЛА

Нұрсұлтан Назарбаев қызметі тарихи салтанаты символдарының бірі – Қазақ елінің жақұты – Нұр-Сұлтан қаласы (бұрынғы Астана). Әзірбайжан тілінде Н.Назарбаев жазған «Еуразия жүрегінде» деп аталатын кітап жарық көрді, міне, осы еңбекте жаңа астананың салынуына қатысты оқиғалар әңгімеленеді. Сондықтан бұл елдің басшыларына астана орнын ауыстыруға байланысты шешім қабылдарда қандай қиындықтар кезіккенін біз жақсы білеміз.

Қазақ елі тарихында бірнеше астана болған, алайда Нұр-Сұлтан – Ұлы Дала жазирасындағы нағыз керемет. Бұл – көшпенді империялар қойнауында қалған арманның іске асып, сол дәуірлер мен жаңа заманды жалғастырып тұрған ғаламат қала. Түркілердің аңыздарында айтылатын әлемдік ағаш – Бәйтерек айналасында салынған ертегі шаһар. Мұнда өткен кезең мен бүгінгі күн: Ақ орда, Хан шатыры, тарих түкпірінен келген тас қаһармандар, жаңа мәнердегі пирамида, ал осылармен қатар орналасқан ең жаңа заманғы үйлер, зәулім ғимараттар бәрі сәтті үйлеседі.

Бұл – тура мағынасында гүлденген қала. Ешбір шаһардан мұндағыдай гүлзар бақтарды кездестіру қиын. Және алып қоныс таңғаларлық қысқа мерзімде – оншақты жыл айналасында салынып бітті.

Нұр-Сұлтанның бас сәулетшісі Нұрсұлтан Назарбаевтың өзі еді, сондықтан қала атына осы кісінің есімі берілуі әбден қисынды. Елбасы жаңа астана салуға шешім қабылдаған кезде өзінің ғана арманын емес, бүкіл халықтың қиял-тілегін жүзеге асырған болатын. Және мұның бәрі жиырма-жиырма бес жыл ішінде атқарылды.

Бұл шаһарда ғимараттар көптеген өзге қалалардағыдай бір-біріне көп ұқсай бермейді. Елбасының нұсқауы бойынша мұндағы үйлер сәулет өнерінде баламасы жоқ, айрықша жаңа мәнерде салынған. Нұр-Сұлтанда шығыс және батыс сәулет өнерінің үлгілері керемет қиюласып, қалаға ерекше салтанатты рай береді. Ал кең даңғылдардың, алаңдардың, саябақтардың, скверлердің, бау-бақшалардың, көк тіреген ғимараттардың, сәулеттік ансамбльдердің, әкімшілік кешендердің, тұрғын үйлердің айналасында жас астана тұрғындарының жан әлемі шуақ шашады. Және бұл тегін құбылыс емес. Әлемдегі алдыңғы қатарлы мемлекеттердің үркердей ұлы астаналары арасында Нұр-Сұлтан ғана – барлық діндердің, мәдениет пен өркениеттің орталығы.

### БАРЛЫҚ ДІНДЕРДІҢ РУХАНИ ОРТАЛЫҒЫ

Қазақ елі – бүгінде барлық әлемдік және дәстүрлі діндер мен конфессиялардың серкелерін бір дөңгелек үстел басына жинай алған ел. 2003 жылы Нұрсұлтан Назарбаевтың мұрындық болуымен әлемдік және дәстүрлі ұлттық діндердің Құрылтайы өткізілді. Дүбірлі жиынға дүние жүзінің аса беделді дін басшылары қатысты. Бұлардың көпшілігінің ұстанымдары бір-біріне қарама-қайшы, тіпті, өзара жауыққан көзқарастағы елдер болғанымен, барлық алауыздықты доғарып, төрткүл дүниедегі даулы жағдайларды шешіп, араласу үшін тіл табыса білді.

Нұрсұлтан Назарбаевтың барлық әлемдік және дәстүрлі діндер мен конфессиялардың көшбасшыларының басын қосу туралы теңдессіз шешімі – шынайы ынта-ықылас болса, адамзат өркениетінің әрдайым келісімге келе алатынының жарқын мысалы.

Н.Назарбаевтың бұл бастамасы дәстүрге айналып үлгерді және жиындар ұдайы өткізіліп келеді. Осынау форумдарды өткізу тәжірибесінен туындайтын басты нәтиже – дін өкілдерінің барлығының да өзара көзқарас қайшылығына қарамастан, бейбітшілік пен толеранттыққа ұмтылатынын байқатты; және діндердің бір-біріне жақындауы арасында алынбайтын қамал жоқ екен: осындай игілікті мақсатқа жету үшін саяси жетекшілердің ізгі ниеті ғана керек көрінеді.

Қазақ елінің жаңа астанасынан, барлық діндердің рухани жетекшілерінің аузынан адамзатты көрегендікке, дінге еріктілікке, адамды сүюге, өзара түсіністікке, бейбітшілік пен келісімге шақырған үн естілді.

Мұндағы көрнекті саясаткерлер, мемлекет пен үкімет басшылары, діни және қоғамдық қайраткерлер қатысқан ең салтанатты форум, саммит, құрылтайларда жүз миллиондаған адам мен халықтардың, мемлекеттердің тағдыры шешілетін маңызды құжаттар қабылданады.

Нұрсұлтан Назарбаев салған барлық қазақстандықтардың мақтанышы Нұр-Сұлтанның басты айбындылығы мұндағы ғимараттардың, бақтардың, субұрқақтардың, өзге де сәулет шеберлігіндегі ғажайыптығымен ғана шектелмейді. Бұл қала – ЕҚЫҰ, Бүкіләлемдік «ЭКСПО – 2017» көрмесі, әлемдік және дәстүрлі ұлттық діндердің Құрылтайы, қақтығысқан жақтардың бейбіт бітімгершілігі және өзге халықаралық ірі іс-шаралар өткізілетін әлемдегі жаңа замандық орталықтардың бірі. Жаңа ұлттық сәйкестік дүниеге келетін қала, әлемдік бітімгершілік бастамаларының қаласы.

### ТҮРКІ ӘЛЕМІНІҢ АҚСАҚАЛЫ

Нұрсұлтан Назарбаевтың саясаткер ретіндегі қызметі тек Қазақ елімен шектелмейді. Оның ішкі саясаттағы «үйлесім» формуласы сыртқы саясаттағы «бейбітшілік сүйгіш» ұстанымымен біртіндеп шебер шендесіп, ұтқыр ұштасып жатады. Ол – көптеген аймақтық және әлемдік іс-шаралардың бастамашысы. Оның қозғауымен Еуразиялық экономикалық одақ, Еуразиялық кедендік одақ, Түркітілдес мемлекеттердің ынтымақтастық кеңесі сияқты ұйымдар құрылды. Қазақ елі астанасында Сирияға қатысты келіссөздер жүргізілді. Н.Назарбаев 2019 жылы тамыз айының аяғында Нұр-Сұлтан қаласында «ядролық клуб» мемлекеттері басшыларының саммитін өткізу туралы жаңа бастама көтерді. Ол мұны «Ядролық қарусыз әлем мен ауқымды қауіпсіздік үшін Назарбаев сыйлығын» тапсыру салтанаты кезінде мәлімдеді. Оны өз елінің ғана емес, барлық адамзат тағдыры алаңдатады. Нұрсұлтан Назарбаевтың ұлылығы да осында. Оны барлық әлем халқы сүйеді десек, артық айтқанымыз емес. Оны бәрі танып, сыйлайды, пікірімен санасады. Ал түркі халықтары оны құрметпен өз ақсақалымыз деп атайды.

Түркі мемлекеттері Кеңесінің көшбасшылары Нұрсұлтан Назарбаевқа түркітілдес мемлекеттер ынтымақтастығы кеңесінің ғұмыр бойғы Құрметті төрағасы мәртебесін берді. Сондай-ақ ол Жоғары Еуразиялық экономикалық кенес төрағасы.

Бүгінде Қазақстан жаңа сайланған Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың жетекшілігімен Елбасы – Ұлт көшбасшысы нұсқап берген «қазақстандық жол» арқылы болашаққа қарай нық адымдап барады.

Саяси сабақтастық жалғасуда.

**Ганира ПАШАЕВА,**
**Әзірбайжан республикасы Ұлттық Мәжілісі мәдениет жөніндегі комитетінің төрайымы,**

**Эльхан Зал Қараханұлы,**
**жазушы, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты, Махмуд Қашқари атындағы Халықаралық Қордың төрағасы**

# ҚАЗЫБЕК ИСА: ИЗ-ЗА ПОТРЯСЕНИЙ ТРОНА СЛУЧАЮТСЯ СОТРЯСЕНИЯ МОЗГА



## Как Путин стал героем своего высказывания...

**«Кто не жалеет о распаде СССР – у того нет сердца. А у того, кто хочет его восстановления в прежнем виде, – у того нет головы»**

**Владимир Путин, президент России**

## «ПУТИН УХОДИ!» Жители Петербурга вышли на улицы против Путина.

Улицы были заполнены протестующими, которые скандировали «Путин уходи!» Полиция не стала задерживать многочисленных участников протеста и стала сопровождать их. Не случайно же на днях президент России Владимир Путин вспомнил старую советскую империю так, словно потерял голову. 21 июня он заявил в интервью телеканалу «Россия 1»:

«Возникает вопрос: если та или иная республика вошла в состав СССР, но получила в свой багаж огромное количество российских земель – традиционных российских исторических территорий, а потом решила выйти из состава? Но тогда бы выходила хотя бы, с чем пришла, и не тащила с собой подарки от русского народа»...

Конечно, это заявление кремлевского хозяина не объяснить здравым смыслом. Поскольку ни одна республика не получила «подарок» от России – каждая вошла в состав Советского Союза и вышла со своей территорией. А Казахстан из Союза вышел последним – 16 декабря 1991 года, даже после России. Другими словами, наследие СССР, к которому стремятся «путинисты», в конечном итоге должно было принадлежать Казахстану, как наследнику...

А если коснуться основания, то Оренбург, первая столица Казахстана, когда он присоединился к Советскому Союзу, остался в России, не говоря уже об Омске и Астрахани.

Что касается наших исторических территорий, то даже нейтральный лидер Беларуси, смелый батька Александр Лукашенко сказал: «Давайте тогда вернемся во времена хана Батыя, тогда надо будет отдать Казахстану, Монголии и еще кому-то всю территорию России, Восточной Европы». Это был адекватный ответ на слова Путина о том, что «У казахов не было государственности никогда».

Понятно, что провокационная речь российского президента – это попытка переманить на свою сторону людей, выступающих против поправки в Конституцию РФ, которая позволит ему баллотироваться на новый срок, и его речь призвана возродить в них старый имперский дух. То есть возрождение «старой болезни» используется в качестве политического инструмента.

Это известный метод лидеров государств с агрессивной политикой по отношению к другим странам, когда они теряют доверие среди своего народа. Но свидетельством, что слова Путина не повлияли на прогрессивный народ России, является митинг против него.

Это не первый раз, когда российский президент ностальгирует по Советскому Союзу. У него был подобный опыт и раньше. Тот факт, что Путин часто «призывал» возродить СССР, является четким свидетельством его соответствующего отношения к прошлому.

Совсем недавно он дал понять, что хочет превратить Евразийский экономический союз в копию Советского Союза. Только из-за сильной оппозиции со стороны президента Казахстана Касым-Жомарта Токаева на недавнем заседании Высшего Евразийского совета новое соглашение не было подписано.

Видимо, президент России Владимир Путин забыл, что он сказал когда-то. В свое время в разговоре о Советском Союзе он заявил: «Кто не жалеет о распаде СССР – у того нет сердца. А у того, кто хочет его восстановления в прежнем виде, – у того нет головы».

Сегодня, когда вы видите армию протестующих против Путина в Санкт-Петербурге, на родине революции, становится ясно, что ситуация с российским президентом очень сложная. А учитывая, что Питер – родной город Путина, ситуация еще хуже.

Из-за потрясений трона случаются сотрясения мозга. Это стало ясно из провокационных высказываний Путина 21 июня. Другими словами, Путин стал главным героем своего известного высказывания...

Позвольте мне закончить другим известным высказыванием, которое пришло на ум. В 2014 году в Национальной библиотеке в Алматы впервые в Казахстане мне была присуждена премия имени Сергея Есенина Международным сообществом писательских союзов из Москвы – орден «Золотая осень». Как сказал российским писателям известный казахский поэт Темирхан Медетбек: «Нам не нужна путинская Россия, нам нужна пушкинская Россия!»

**Қазыбек ИСА,**
**член Национального совета при Президенте Республики Казахстан.**
*«Қазақ үні»*

# Путин грозится забрать «подарки от русского народа»?!

**Владимир Путин теряет не только международный авторитет, но и последних друзей – многие главы государств не приехали на парад Победы 24 июня, в том числе из СНГ. У него низкий рейтинг и в России, а тут надо еще провести голосование за поправку в Конституцию РФ, которая позволит ему баллотироваться на новый срок. И в такой ситуации он вытаскивает замызганную крапленую карту об утащенных соседями российских землях – это фирменное блюдо для российских избирателей в будущих выборах русского царя.**



### КТО-ТО ПОЛУЧИЛ ОГРОМНОЕ КОЛИЧЕСТВО РОССИЙСКИХ ЗЕМЕЛЬ

Президент Владимир Путин 21 июня в интервью в рамках программы «Москва. Путин. Кремль» на телеканале «Россия 1» заявил: «При создании Советского Союза в договоре было прописано право выхода, а поскольку не была прописана процедура, то возникает вопрос: если та или иная республика вошла в состав Советского Союза, но получила в свой багаж огромное количество российских земель, традиционно российских исторических территорий, а потом вдруг решила выйти из состава этого Союза, но хотя бы тогда выходила с тем, с чем пришла. И не тащила бы с собой подарки от русского народа».

Это было сказано на уровне явной провокации. Поэтому 22 июня пресс-секретарь Путина Д.Песков сгладил слова шефа, мол, его не так поняли: «Россия не имеет территориальных претензий к своим соседям». «Он говорил не о подарках. Он говорил о ранее допущенных системных ошибках в (российской) Конституции, которые не предусматривали целый ряд ситуаций», – добавил пресс-секретарь. Однако Путин ясно сказал о российских землях, которые получили в свой багаж республики Союза.

Это эффективный способ донесения политического месседжа до российских избирателей: если примут поправку в Конституцию РФ об обнулении сроков действующего президента, то у бывших республик Союза можно что-то забрать, что им не принадлежало на момент создания СССР.

Если раньше подобные планы озвучивали многие известные в политическом пространстве России лица типа Жириновского, Лимонова и др., то теперь по этой теме высказался уже глава РФ! Поэтому слова Путина надо воспринимать вполне серьезно и думать о безопасности Казахстана.

В России давно идет крупномасштабная пропаганда о том, что Путин – спаситель России, собиратель русских земель, который вывел Россию из кризиса 1990-х гг. и вернул статус страны, с которой считается весь мир. И на этой волне объединяют тех, кто скучает по статусу великой державы советских времен, вновь делают акцент на реваншистской риторике, поднятии духа патриотизма и национализма.

### ПУТИН ГРОЗИТСЯ ЗАБРАТЬ «ПОДАРКИ ОТ РУССКОГО НАРОДА»?!

Есть версия о том, что речь Путина о спорных территориях после распада СССР взяли из интервью про Крым и Донбасс. Однако это не так. Да, Путин сказал про Крым, об Украине, не говорил о Казахстане. И в таком виде программа была завершена в конце февраля 2020 г., но из-за коронавируса голосование за поправку в Конституцию РФ было перенесено на лето, а вместе с ним и «Москва. Путин. Кремль».

А потом в наши дни программу дополнили отдельной речью президента о «подарках от русского народа» и показали на телеканале. При этом Путин высказался не об Украине, а обо всех республиках Союза: «если та или иная республика».

Общеизвестно, что сейчас рейтинг работы Путина упал до исторического минимума. Уровень доверия граждан к президенту в январе 2020 г. потерял еще 4%, скатившись до отметки 35%. В 2014 г., когда произошла аннексия Крыма, у него поднялся рейтинг. Когда у президента опять начал снижаться рейтинг, Россия ввела войска в Сирию.

И вот с помощью возможного возврата «подарков от русского народа» Путин снова пытается поднять свой рейтинг.

Однако высказывание президента РФ лишено не только исторического обоснования, но и юридического. Дело в том, что процедура выхода из Союза была прописана. Принятый Верховным Советом СССР закон «О порядке решения вопросов, связанных с выходом союзной республики из СССР» от 3 апреля 1990 года – он именно про это. И среди прочих "процедур" данного Закона, пункт 7 статьи 14 посвящался как раз «багажу земель»: «согласован статус территорий, не принадлежавших выходящей республике на момент ее вступления в состав СССР».

Не говоря о том, что 18 января 2005 г. в Москве президент РФ Владимир Путин и президент РК Нурсултан Назарбаев подписали Договор между Российской Федерацией и Республикой Казахстан о государственной границе. Цену российским гарантиям и подписям в мире знают давно. Так что и нам обольщаться и расслабляться не стоит.

Кстати, мы вышли из СССР самыми последними 16 декабря 1991 г. Т.е. Казахстан вышел из СССР после того, как Россия уже взяла свой багаж.

И Казахстан вышел из состава СССР с меньшей территорией, чем входил. Не Россия подарила свои земли Казахстану, а Казахстан подарил свои земли России! Часть Оренбургской, часть Тюменской, часть Курганской, часть Омской, часть Астраханской областей РФ, а также часть Алтайского края и часть Алтая – это исконно казахские земли...

**Дастан ЕЛДЕС**
*d.eldesov@mail.ru*

**В казахском языке укоренилось устойчивое словосочетание «Шерағаның шекпені» – «Чекмень Шерага». Оно берет свое начало с «Шинели» Гоголя, с крылатого выражения «Все мы вышли из шинели Гоголя», приписываемого то Федору Достоевскому, то Эжену Мельхиору де Вогюэ, и давным-давно превратилось в бренд казахской журналистики. Это словосочетание дорого всем, кто действительно вышел из чекменя Шерхана Муртазы, кто до сих пор находится там, даже для тех, кто не имел чести беседовать с ним. О Шерхане Муртазе как исключительном явлении в казахской журналистике поведал ztgzt.kz.**



# Патриарх журналистики

## «ШЕРХАН МУРТАЗА!.. КАКОЕ ШИРОКОЕ, ВЕЛИЧЕСТВЕННОЕ ИМЯ!..»

### ПРОФИ ГАЗЕТНОГО ДЕЛА

*Чекмень Шераги –*
*Школа строгого закаливания.*
*Как ни измеряй шаги,*
*Не пропустит чекмень далее.*
*(Из журналистского фольклора)*

В журналистику люди приходят по-разному. Судя по автобиографическому роману «Ай мен Айша», мысль о журналистике в сознании Шерхана Муртазы появилась после встречи с корреспондентом газеты «Сталин жолы» Нуртаем Шойынбековым.

Шерхан впервые видел журналиста. Вошедший твердой походкой в колхозную контору светлолицый журналист засыпал вопросами главного бухгалтера Забиру. Увидев растерянное лицо Забиры апай, юный Барсхан понял, что журналистика – это неведомая могучая сила. К тому же главный бухгалтер поручила ему отвезти корреспондента в соседний колхоз.

Усевшись вдвоем на одного коня, они выехали из села, как вдруг журналист непроизвольно вздохнул: «Иә, Алла!» И сам вздрогнул от своих слов. Прибыв в соседний колхоз и прощаясь с юным спутником, он наказал ему: «Ты пиши».

Похоже, что этот молодой человек, еще не растерявший духовности, но вынужденный скрывать истинные чувства, этот молодой человек, чья дальнейшая жизнь нам неизвестна, и оказал решающее влияние на выбор тогда еще совсем мальчика Шерхана. Коротенькое «ты пиши», думается, стало для нашего героя жизненной программой.

Искусство руководить газетным производством превратило имя нашего героя в легенду. Сейдахмет Бердикулов дал высокую оценку редакторству Шерхана Муртазы: «Его звезда зажглась в «Лениншіл жас». Наверняка люди знают, что его искусство редакторства есть отдельная большая тема».

Газета «Лениншіл жас» при Шерхане стала любимицей читателей. Именно в те годы на ее страницах был опубликован сценарий фильма «Қыз Жібек», написанный Габитом Мусреповым. То, что именитый писатель обратился именно в эту газету, говорит о многом. Ежегодно под разным ракурсом публиковались сообщения о Науриз мейрамы.

В годы его редакторства публиковались стихотворения испытавших на себе притеснения тоталитаризма поэтов Дулата и Шортанбая, а также близкого им по духу Бухар жырау. Молодежная газета стала острой и принципиальной, решительно выступала против вседозволенности чиновников самого высокого ранга.

Нещадно раскритиковала руководителей «Казахконцерта» супругов Чернышевых, которые при покровительстве Брежнева низвергли казахское искусство до уровня половой тряпки. Выступление газеты вызвало большой скандал на союзном уровне. Но молодому редактору пришлось противостоять нажиму всех, кто хотел отомстить за такую публикацию. При подготовке одного из очередных номеров газеты не так обработали клише, и на фото Ленин вышел без затылка. Такое «издевательство» над вождем мирового пролетариата главному редактору молодежной газеты простить не могли, и он получил очередное взыскание.

В таких случаях ему поддержку оказывал руководитель республиканской комсомольской организации Озбекали Жанибеков. «Не сват, не брат, и почему этот Жанибеков всегда заслоняет меня от пуль?» – удивлялся Шерага. Но это было время, когда закалялся его характер.

Когда наш герой пришел в «Лениншіл жас», тираж газеты составлял всего 30 тысяч экземпляров. Он довел тираж до 150 тысяч. Тираж журнала «Жұлдыз» поднял с четырех-пяти тысяч экземпляров до 255 тысяч! Даже союзная «Правда» была вынуждена признать журнал «Жұлдыз» лучшим национальным литературным изданием страны. В «Жұлдызе» было опубликовано одно произведение Мустая Карима, которое никто не решался печатать. На это автор отреагировал так: «Суровый издатель Шерхан! Вы сделали почти невозможное!»

Мы были студентами, когда Шерага поднял рейтинг газеты «Қазақ әдебиеті» на невиданную высоту. «Желанный гость, приходящий в наши дома по пятницам» – так назвал Сабетказы Акатаев это издание, которое зачитывалось до дыр. Вернувшись с занятий, мы бегали по городу в поисках очередного номера казахской литературки. Пропуск одного номера был равносилен пропуску одного намаза, а это большой грех. И тогда мы неслись в библиотеку.

«Қазақ әдебиеті» для нас была своего рода школой вдумчивых очерков и социального анализа. Практически в каждом номере публиковались материалы Дидахмета Ашимханова, Мусы Рахманбердиева, Мереке Кулкенова, которые заставляли задуматься о смысле жизни. Рахымжан Отарбаев, съездив в край, где раньше не бывал, первым поднял проблему Аральского моря серией дивных статей «Судьба Арала – судьба человека».

Говоря нынешним слогом, можно сказать, что Копен ага «приватизировал» шестнадцатую полосу сатирой. Время от времени в руки брал ручку и заместитель главного редактора Оралхан Бокей. Все они являлись верными сподвижниками Шерхана Муртазы, который был своего рода генератором издания. На их творческом наследии до сих пор держится сегодняшний духовный мир.

### ВСЕГДА СОЗДАВАЛ УСЛОВИЯ ДЛЯ ЖУРНАЛИСТОВ

Шерага максимально полно освоил газетное дело. Именно поэтому все издания, которыми он руководил, менялись до неузнаваемости. Но как ему удалось в корне изменить деятельность телевидения и радио? Казахское телевидение эпохи Муртазы превратилось в былинного батыра на норовистом скакуне с беркутом на руке, бориком на голове, с расшитым чапаном на плечах. Кто сделал так, что тележурналисты вставали ни свет ни заря, торопились найти интересных собеседников?

В каком бы коллективе он ни работал, всегда создавал условия для журналистов. В свое время Мамадияр Жакып работал ответственным секретарем газеты «Социалистік Қазақстан», главным редактором Алматинской областной газеты «Жетісу». Но затем его исключили из партии за то, что опубликовал в газете фотографии декабристов, и сослали в Каскеленскую районную газету. А местная власть не решилась предоставить ему должность даже рядового корреспондента, поэтому он был вынужден работать корректором. В 1989 году Шерага назначил его заведующим отделом в газете «Социалистік Қазақстан» и ввел в состав редакционной коллегии.

Кали Сарсенбай скитался по съемным квартирам, но несмотря на бытовые трудности, написал много дельных статей, чем пришелся по душе читателям. Шерага и его пригласил на работу. А вскоре Кали получил квартиру. Главный редактор заботился не только о своих сотрудниках, но и об их героях. Сарсенбай написал замечательное эссе «Каргаш» о прекрасном певце Амангельды Сембине, который на протяжении многих лет находился в забвении. Шерага использовал свой депутатский мандат и выбил таки для выдающегося деятеля искусства четырехкомнатную квартиру в Алматы.

Среди журналистской братии давным-давно прижились его выражения: «Журналист похож на верблюда. Навьючен золотом, но кормится колючкой», «Сабля рубит людей и создает богатства, карандаш находит богатства, но просит милостыню». Он много размышлял о том, что мешанина в языке уронила цену средств массовой информации в глазах населения.

Кстати, о языке. Сейчас глаза и уши привыкли к тому, как высокопоставленные чиновники, не умеющие выговаривать букву «ң», на телевидении и радио пространно рассуждают о судьбе народа, о судьбе языка, о национальных традициях. Печально и то, что порой их интервьюируют журналисты, которые тоже не умеют выговаривать «ң». Здесь уместно вспомнить о том, что Шерага опубликовал стихотворение Оспанхана Аубакирова «Ңөн», в котором автор раскрывает суть этой буквы.

В книге «Один изъян бытия» Шерхан Муртаза писал об этом: «И теперь я часто думаю, что незабвенный Оспанхан был святым. Сейчас много таких, кто не может выговорить букву «ң». Смотришь телевизор, а там диктор часто повторяет слово-паразит, как «жанағы, жанағы».

### «ШЕРАГА – ЧЕЛОВЕК С ХАРАКТЕРОМ, ПИСАТЕЛЬ ХАРАКТЕРА»

В прежние годы в журналистике преобладало такое понятие, как совесть. Молодые люди остерегались много говорить, потому что стеснялись показаться перед старшими болтливыми. Но нынешняя молодежь похожа на сель, который все сметет на пути. А Шерага умел выражать мысль коротко и ярко.

Например, в небольшой статье «Мылжыңдықтар соңындағы сөз» («Слово после болтливых») с болью в сердце писал: «Обмелело Аральское море, но появилось Водочное море» (в казахском варианте удачно обыгрываются созвучные слова «арал» и «арак»). Он всегда одинаково высоко ценил и художественное слово, и публицистическое слово. Поэтому говорил, что «Публицистика – это особый жанр. Если считать художественную литературу тяжелой артиллерией, то публицистика – кавалерия».

Шерхан Муртаза стал примером для подражания не только как главный редактор, но и как писатель. Его публицистика сродни художественной литературе. Поэтому она находит путь к сердцам читателей. Автор умеет выбирать выигрышную форму написания статей.

Здесь уместно вспомнить годовую публичную переписку Шерхана Муртазы и Камала Смайылова «Елім, саған айтамын, Елбасы, сен де тыңда» («Мой народ, тебе говорю, Елбасы, ты тоже слушай») на страницах газеты. В ней два выдающихся публициста обсуждали будущее народа, интересы нации, поднимали самые злободневные проблемы, которые беспокоили каждого казахстанца на заре нашей независимости.

А какое влияние на самосознание казахстанцев оказала «Беседа двух редакторов», написанная на основе разговора первого главного редактора газеты «Қазақ әдебиеті» Габита Мусрепова и тогдашнего главного редактора издания Шерхана Муртазы?

Как говорил мудрец Алаша Абиш Кекильбаев, «Шерага – человек с характером, писатель характера».

**Бауыржан ОМАРУЛЫ**

# ПОЧЕМУ НЫНЕШНЕЕ ПОЛОЖЕНИЕ СВЯЗАННЫХ С ГОСУДАРСТВЕННЫМ ЯЗЫКОМ ДЕЛ СОВСЕМ НЕ РАДУЕТ?!




**Государственному статусу казахского языка очень скоро будет тридцать лет. Но о сколько-нибудь серьезных успехах говорить не приходится. Это очевидно уже сейчас. Об этом рассуждает автор zonakz.net. В нынешнем году 1 июля мы должны отметить 30-ую годовщину вступления в силу закона, закрепившего за казахской речью статус государственного языка. Срок, как видите, достаточный для того, чтобы успеть, образно говоря, свернуть горы и добиться неоспоримого успеха во всех связанных с языковым развитием сферах.**




Есть такая казахская поговорка: «Отызда орда бұзбаған, қырықта қамал алмайды» – «Тому, кто в тридцатилетнем возрасте не вторгался во вражеский лагерь, в сорокалетнем возрасте уже не удастся покорить крепость противника». Что тут имеется в виду? А то, что если ты в свои тридцать лет не успел еще отметиться каким-либо весомым успехом, в дальнейшем вряд ли от тебя следует ожидать сколько-нибудь серьезных достижений.

Государственному статусу казахского языка очень скоро будет тридцать лет. Но о сколько-нибудь серьезных успехах говорить не приходится. Это очевидно уже сейчас. Что-то неладно у нас с указанным вопросом. И это становиться с каждым годом все более и более очевидным. Сейчас оптимизм по поводу перспектив государственного языка практически на нуле. А когда-то его было много. Очень много. Итак, по порядку.

Принятый в 1989 году Закон Казахской ССР «О языках» вступил в силу 1 июля следующего, 1990 года. Согласно этому законодательному акту, казахский язык получил статус государственного языка Казахстана. Впрочем, не в первый раз. Ибо уже однажды, на заре советской власти в Казахстане, казахский язык объявлялся государственным, однако все же не сумел стать таковым в реальной жизни. Так что в 1989 году была предпринята отнюдь не первая, а всего лишь вторая попытка сделать его через закон официальным языком.

Сейчас по прошествии еще трех десятилетий уже наверняка можно, думается, дать кое-какую оценку тому, что из этого получилось или получается.

Как первая, так и вторая попытка предшествовала благоприятнейшим, казалось бы, ходу их реализации переменам. После первого объявления казахского языка государственным, статус Казахстана в рамках СССР вырос до уровня союзной республики. То есть – до максимально возможной в ту эпоху высоты. Соответственно повысилось внимание к казахскому языку как к языку казахской союзной социалистической нации. И было сделано за десятилетия советской власти много чего. Однако государственный статус самого языка как бы оказался забыт. Так что к закату эры советской власти были официально отмечены такие итоги.

Накануне появления вышеназванного Закона «О языках» из 50 социальных функций, которые обязательны для любого полноценно значимого в общественной жизни языка, казахский был в состоянии реализовать на практике лишь 10. Около 40 процентов казахов крайне слабо владели своим родным языком или же вовсе не владели им (сейчас такого рода тогдашние данные подвергаются сомнению, а кое у кого они даже вызывают возмущение как искажение реальной картины конца 80-ых и начала 90-ых годов прошлого столетия, однако в свое время именно ими оправдывались все деяния в плане укрепления статуса казахского де-юре и де-факто).

А из числа русскоязычного населения, другой крупнейшей этнической общины Казахстана, языком коренного народа Казахстана владело всего лишь около одного процента людей. Многие из тех казахов, которые официально и неофициально признавались вполне казахскоязычными, имели привычку обильно приправлять свой повседневно используемый язык русскими словами, причем в данном случае речь шла не только о горожанах, но и даже о тех сельчанах, которые постоянно пребывали в сугубо казахскоязычной среде...

Все эти данные были использованы для официального обоснования вторичного объявления казахского государственным языком в 1989 году. В 1990-ом, как мы уже сказали выше, соответствующий закон вступил в силу. А в конце следующего 1991 года Казахстан обрел государственную независимость.

Казалось бы, это только на руку попыткам поборников утверждения казахского языка в качестве государственного. Ведь в дальнейшем общественная среда в Казахстане становилась все больше и больше благоприятствующей реализации такой задачи. Во-первых, очень скоро казахи, составлявшие к моменту принятия Закона «О языках» от 1989 года немногим более 39 процентов жителей республики, перестали быть меньшинством по отношению к остальному населению в Казахстане.

Перепись, проведенная спустя десять лет после этого, выявила, что их доля выросла до 54 процентов. А еще через пару десятилетий, к началу 2020 года – уже превысила 68 процентов. Такой результат получился вследствие не только естественного роста численности казахов, но и также выезда значительной части русскоязычного населения за пределы Казахстана.

Во-вторых, за короткий срок произошла значительная урбанизация казахского населения. Казахи перестали быть меньшинством во многих крупных городах. Одним словом, позиция природных носителей государственного языка в общественной жизни Казахстана за прошедшие со времени принятия Закона «О языках» годы значительно укрепилась. Ну, а как же сам язык? Укрепилась ли и его позиция в той же общественной жизни? Ответы на эти вопросы могут быть разными. Да, сейчас казахскому языку уделяется значительно больше внимания, чем прежде.

Его более основательно, чем в советские годы, учат в детских дошкольных учреждениях, школах и вузах. Появляется немало молодых людей не казахской национальности, которые свободно владеют государственным языком. А главное, того, кто настаивает на обращении к нему только по-казахски в местах общественного присутствия и официальных учреждениях, никто и не думает обвинять в «национализме».

Раньше это пугало многих и удерживало их от проявления должного отношения к своему языку на публике. Теперь же уже появилось немало таких людей, кто не прочь бравировать тем, что он как рядовой гражданин в присутственных местах строго спрашивает с других «за язык».

Однако положение самого государственного языка в целом и его статуса общественным мнением признается скорей неудовлетворительным, чем удовлетворительным. Особое недовольство вызывает такая ситуация у казахскоязычного населения. То есть – у основных его носителей. Потому что казахский язык в действительности, несмотря на свой государственный статус, продолжает, как и прежде, пребывать на вторых ролях.

Почти вся официальная деятельность по-прежнему осуществляется на базе русского языка. На заседаниях правительства его члены в последнее время стали вроде бы говорить по-казахски. Но на проводимых при отсутствии телекамер рабочих совещаниях как в кабинете министров, так и в отдельных министерствах и иных государственных ведомствах текущие вопросы обсуждаются практически исключительным образом на русском языке. На нем же пишутся и обсуждаются главным образом тексты законов, подзаконных актов и так далее.

В этом смысле Казахстан как отдельное независимое государство со своим государственным языком не может сравниться даже с Украиной, где основная часть населения также продолжает отдавать в повседневном общении предпочтение «великому и могучему». Там, в отличие от нашей республики, практически нет людей, которые плохо знают русский язык.

Совсем иная ситуация складывается в Казахстане. Тут сплошь и рядом может иметь место плохое взаимопонимание между людьми в силу явственной разности или несовместимости их языковой принадлежности. В результате оказываются недовольны и те, и другие. Многие не казахи в Казахстане искренне считают, что у нас имеет место повальная языковая казахизация общественной жизни.

И что удивительно, и те, и другие видят виновными в положениях, которые вызывают их крайнее недовольство, тех, кто находится наверху. Власть, она, кажется, и в самом деле виновата.

Ибо определенный ею круг ответственных за государственный язык структур весьма широк, и именно это обстоятельство с самого начала вызывало наибольшее беспокойство – как бы, мол, не вышло как в известной поговорке: «У семи нянек дитя без глазу...». С высоты дня сегодняшнего можно сказать, что так оно на самом деле и получилось.



Еркин БЕКЖАНОВ

**Осыдан отыз жылдай бұрын Мәскеудің «қайта құру» саясаты ұлттық республикаларға өздерінде қалыптасқан саяси әлеуметтік жағдайға сын көзімен қарауға мүмкіндік берген еді. Мұндай көзқарасты еліміздің зиялы қауымы ана тілімізден бастады. Сонау 1905 жылдары Алаш қозғалысының бастауында ұлт көсемі Әлихан Бөкейханның қазақ тілінің бостандығын ең бірінші мәселе етіп қоюы тегіннен тегін емес еді. Өйткені тілі азат емес халықтың өзі де азат бола алмайтын тарих талай дәлелген болатын. Содан 1989 ж. 22 қыркүйекте Қазақ КСР Жоғары Кеңесінің кезектен тыс он төртінші сессиясында «Тіл туралы» Заң қабылданып, қызу талас тартыспен қазақ тілі мемлекеттік мәртебеге ие болды. Осылай тіліміздің мәртебесін көтеруге, қолданыс аясын кеңейтуге бағытталған бүкілхалықтық іс басталған болатын. Өкіністісі сол кездегі жер жерде көріне бастаған рухани жаңаруға тиісті өріс бере алмадық.**




# МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛІМІЗДІ МЕШЕЛ ЕТКІМІЗ КЕЛМЕСЕ...

Асқақ идея жаңа жағдайда ұлттық мұраттарымызды шешумен жалғастырылып, дәстүрлі рухани бұлақтан суарылмай, санамыз тәуелсіздік талаптарына сәйкес тиісті жаңармады. Бірнеше ғасыр отаршылдықтан пайда болған жалтақтық, кеше ғана үстемдік жасаған, бүгін де жалғаса түскен құлдық психология жігерлі іске жібермеді, жібермей келеді. 1995 жылғы Конституцияның 7-бабының 1- тармағындағы «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік тіл – қазақ тілі» деген аса маңызды құқықтық норма келесі тармақтағы «Мемлекеттік ұйымдарда және жергілікті өзін өзі басқару органдарында орыс тілі ресми түрде қазақ тілімен тең қолданылады» деген заңдық жағынан қайшылықты нормадан кейін тиісті құқықтық күшінен айрылды. 1997 жылы Қазақстан Республикасындағы Тіл (бұл шынына келгенде «о языках» болатын) туралы Заң да «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі – қазақ тілі» деп конституциялық норманы қайталаудан ары аса алмады. Қазақ тіліне қатысты табан тірейтін бір қағидатты құқықтық норманың болмауы келе келе ана тіліміздің дамуына тұсау бола бастады. Мысалы, «Тіл туралы» Заңның «Деректемелер мен көрнекі ақпарат тілі» деген 21-бабындағы «мемлекеттік тілде және орыс тілінде» деген сияқты қосақталған нормалар деректемелік және көрнекі ақпараттық кеңістікте басқа этнос өкілдерінің мемлекеттік тілді білуіне қажеттілік туғызбай отыр. Бізден басқа ешбір елден дәл бұлай мемлекеттік тілмен басқа тілдерді қосақтап жазуды таба алмайсың. Тек біз ғана «таза» интернационалист болып отырмыз. Ал Заңның ІІ, ІІІ және ІҮ тарауларындағы 27 заңдық норманың 21 - інде «мемлекеттік тілде және орыс тілінде» деген сөз тіркестерімен қатар қажет болған жағдайда басқа тілдерде жүргізіледі» деу, «Мемлекеттің тіл жөніндегі қамқорлығы» деген 6-бабында «Мемлекет Қазақстан халқының тілдерін оқып-үйрену мен дамыту үшін жағдай туғызу жөнінде қамқорлық жасайды», «Тілді мемлекеттік қорғау» атты 23-бапта «Қазақстан Республикасында мемлекеттік тіл және барлық басқа тілдер мемлекеттің қорғауында болады. Мемлекеттік органдар бұл тілдердің қолданылуы мен дамуына қажетті жағдай жасайды» деген жалпы құқықтық нормалар онсыз да тегеурінді, ондаған жыл жеке билеп келген орыс тілін алға шығарып, қауқарсыз қазақ тілі кешегі кеңестік кезеңдегідей екінші қатарға қайтадан ығыстырылды. Қазір мемлекеттік ұйымдар мен мекемелерде, жергілікті өзін-өзі басқару органдарында орыс тіліндегі құжаттар қазақ тіліне аударылып, қазақшасы орыс тіліне аударылып әлек болуда. Өйткені басшылар құрамының көбісі қазақша түсінбейді не білгісі келмейді.

Жұртшылық Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 14 тамызда қабылдаған «Мемлекеттік органдарда мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейту туралы» қаулысынан көп нәрсе күткен болатын. Бірақ оның «1. Орталық атқару органдары, барлық деңгейдегі әкімдер: 1) «Қазақстан Республикасында Тіл туралы» Заңның 23-бабына сәйкес, мемлекеттік істің барлық салаларында мемлекеттік тілдің белсенді қолданылуы үшін басым жағдай жасау қажеттігін ескере отырып, мемлекеттік органдарда іс қағаздарын кезең-кезеңмен қазақ тіліне көшуге байланысты іс шаралар жоспарын жасап, жүзеге асырсын» деген бөліміндегі тапсырма (көбіне орыс тілінен қазақ тіліне аударылған құжаттар есебінен – Ә.Б.) 2006-2009 жылдар аралығында мемлекеттік тілге көшірілді деп «социалистік жарыстың» қорытындылары туралы облыстық әкімдіктердің жоғары билік органдарына рапорт бергендеріне он шақты жыл болды. Облыстардың көпшілігі бұл мәселені қазақ тілін үйрету, қазақ тілді мамандарды көбейту есебінен емес, негізінен аз ғана аудармашылардың күшімен шешкен еді. Мұны мемлекеттік қызметкерлер бізден әлдеқайда жақсы білетін шығар. Сондай-ақ «2) іс қағаздарын жүргізу және ресми құжаттар әзірлеуге қатысты құрылымдар мамандарының мемлекеттік тілді білуі мен оны мемлекет қаржысының есебінен оқып-үйренуі кәсіби біліктілік талаптары қатарына жатқызылсын», «8) «орталық атқару органдары 1999 жылдың 1 қаңтарына дейін өздерінің ресми шараларын, алқа мәжілістері мен түрлі жиындарын өткізетін залдарын ілеспе аудармa жасауға қажетті техникалық құрал-жабдықтармен, мамандармен қамтамасыз етсін» деген тапсырмалар да көбіне шала орындалды да, кейін тіпті ұмытылды. Өйткені мұның мемлекеттік қызметтегі басшыларға керегі жоқ болатын. Сондай ақ жиырма жылдан бері қабылданып келе жатқан «Тілдерді қолдану мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы» арқылы ана тіліміздің тағдырын шешеміз деген түбірінен қате тұжырымның ақыры не болғанын да өмір көрсетіп отыр. Қазақ тілінде еркін сөйлей алмай отырған Парламент пен Үкімет, көбіне иығын орыс тіліне тығып тұратын, ұлтшыл азаматтарымыз «Мемлекеттік тіл туралы» заң керек десе жандары қысылып, жүректерін ұстайтын биліктегі басшыларымыз, өз тілдерін менсінбей, орыс тілін білгендеріне мәз болып, азын аулақ ағылшын қытай тілдерінде сөйлегендеріне өздерін бақытты сезініп жүрген ұл қыздарымыз, аулаларының алдына Мәскеуде жасалған солтүстік ағайындарымыздың мүсіндерін отырғызып қойып не мекемелерінің қабырғаларына суреттерін іліп, соларға «шоқынып» отырған әкімдіктер мен мекемелер бүгін аз емес.

Міне, бүгінгі қазақ тілінің жағдайы осындай. Бұл кез келген ұлттық рухы бар қазаққа белгілі. Ең қиыны орысша сөйлеген қазақтар тұрған елін де, қатынасқа түсіп отырған адамы қазақ екенімен де санаспай, келмейді, қысылмайды. Мұндай жағдайды үстіміздегі жылдың ақпанында Қостанай қаласында болғанда да байқадым. Қонақ үйдегі жас қызметкерлердің орысша ғана сөйлесетінін былай қойғанда, тіпті көшелердің аттары дұрыс жазылмаған. Қазақтың маңдайындағы санаулы ардақтыларының бірі Ыбырай Алтынсариннің аты қазақша ағылшынша жазылған. Ал Мариям Хакімжанованы бірде жай «Хакімжанов» дей салса, екіншіде орысша не қазақша жаза салған. Бұл өңірде қазақ тіліне қатысты заң ескеріле бермейді екен.

Жаһандану заманында көптеген елдер, оның ішінде Франция, Германия, Ресей де бар, мемлекеттік тіл туралы заңдарын қабылдап, ағылшын, басқа да тілдер экспансиясынан қорғанатын механизмдерін қалыптастыруды. Бізге де мемлекеттік тілді мемлекеттің қорғауы аса қажет болып отыр. Сонан соң ұлттық сана-сезімінің ұдайы өсуі мен қазақ этносының демографиялық келешегін де ескеру қажет. Ел халқының 70 пайызын қазақтар құрайды. Өмірге 80 пайыздан астамы орта білімді, 60 пайыздан астамы жоғары білімді өз ана тілінде алған қазақтың жас ұрпағы келді. Алайда олар түгел дерлік өз ана тілінде сөйлемейді.

Қоғамымызда мемлекеттік тіл туралы Заңның қажеттігі жөнінде соңғы кездері жиі әңгіме бола бастағаны ана тілінің жанашырларына белгілі. Бұл жайдан-жай емес. Рас, Тәуелсіздік жылдары қазақ тіліне мемлекеттік мәртебе беріліп, тілдер туралы Заң және соған байланысты Үкімет қаулы-қаулы-қарарлар қабылданып, бұрын атын да ести бермейтін біраз тіршілік жүзеге асты. Оны жоққа шығаруға болмас. Бірақ ана тіліміздің дамуы мен оның қолдану деңгейі бүкіл қазақ қауымын неге қанағаттандырмай отыр деген үлкен сұрақтың ұлтымыздың рухани әлемінде тұрғанына көп болды. Бұл айтылғандарды түйіндей келе, Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі туралы арнайы Заң болмай, қазіргі қазақ тілінің көсегесі көгермейтінін ашық айтсақ артық көрмейміз. Мұның бірнеше себептері бар.

Біріншіден, Ата заңымыздың 93-бабындағы «Конституцияның 7-бабын жүзеге асыру мақсатында Үкімет, жергілікті өкілді және атқарушы органдар, арнаулы заңға сәйкес, Қазақстан Республикасының барлық азаматтары мемлекеттік тілді еркін әрі тегін меңгеруі үшін қажетті ұйымдастырушылық, материалдық және техникалық жағдайдың бәрін жасауға міндетті» деген ана тіліміз үшін аса мәнді конституциялық қағида жеткілікті ескерілмей келеді.

Екіншіден, ғасырлар қордаланған қазақ тілінің мүшкіл жағдайынан тек мемлекеттік тіл туралы заң ғана алып шыға алады. Көрші Ресей 1991 жылы Федерация халықтарының тілдері, ал 2005 жылы мемлекеттік тіл туралы заңдар қабылдады. Ал олардың тіліне қауіп төніп тұр деп ойлаудың өзі мүмкін емес. Қазір кешегі кеңес Одағына қараған ұлттық республикалардың барлығы дерлік мемлекеттік тіл туралы заң қабылдады. Кенже келе жатқан, өз болашағымызды ойлай алмай жүрген өзіміз.

Үшіншіден, біздер қазақ тілін - еліміздегі ұлт пен ұлысты ұйыстырушы фактор деп көп айтамыз. Дұрыс-ақ. Ал жоғарыдағыдай жағдайда ана тіліміз бұл аса құрметті де қасиетті миссияны атқара алады ма? Егер өзіміз қазақ тілді, орыс тілді және ағылшын тілді болып бөлініп, бір-бірімізді түсінбей жатсақ, басқаларды біріктіріп не оңдыра қоямыз?

Төртіншіден, бұл қажеттілік 2025 жылдан латын әліпбиіне көшу туралы идеядан да туындап отыр. Қазіргі латын әліпбиіне көшу барысында қоғамымыздағы халықты да, билік органдарын да ана тілімізге қарай күрт бұру үшін, өзі де тіл жағынан тұтаса алмай отырған қазақты латын әліпбилі, орыс тілді не ұлттық тілді қазақ т.б. топ топқа бөлінбеу үшін Ата заңның 7-бабының 1-тармағындағы мемлекеттік тілдің мәртебесін елеулі түрде жоғары көтеретін, қазақ тілінің қолданыс аясын барынша кеңейте түсетін пәрменді пәрменді құқықтық нормалар аса қажет. Мұны тек мемлекеттік тіл туралы толымды заң қана шеше алады.

Бесіншіден, бұрын Парламент қабырғасында ауызға алынбайтын мемлекеттік тіл туралы заңның керектігін кейінгі кезде депутаттардың мәселе етіп көтеріле бастауы қуанышты жай. Былтыр желтоқсан айында сенатор Мұрат Бақтиярұлы бастаған бір топ әріптестер мемлекеттік тіл – қазақ тілінің мәселесін көтеріп, Үкімет басшысына сауал жолдаған болатын. Бірақ үкімет әзір үнсіз. Жеке шешім қабылдауға дәрменсіз...

Алтыншыдан, еліміздің саяси әлеуметтік өміріндегі соңғы жаңалықтар, оның ішінде Мемлекет басшымыздың алдымен өз тілімізді білейік, орта мектептердің ұлттық үлгілерін жасауымыз керек деген т.б. қоғамды демократиялық бағытқа, ұлттық ұстанымға ұмтылдыруы мемлекеттік тіл туралы заң қабылдауға игі ықпал жасайды деп түсінеміз.

Әлемдік тәжірибеде кез келген мемлекет өз шекарасы шеңберінде көпэтносты мәдениеттің әр тектi сипатына қарамай, өзінің ұлттық мәдениетін қалыптастырады. Ал ұлттық мәдениеттің өзегі - ұлттық тіл, ол халқымыздың тәуелсіздігінің тұғыры. Біз неғұрлым санамыздағы құлдық бұғаудан тезірек құтылсақ, соғұрлым тәуелсіздігіміз тұғырлана түседі. Сөйтіп, мемлекеттік тілді еліміздің азаматтары толық меңгергенде, ол тіл қоғамның барлық салаларында қолданыс тауып, мемлекеттің ұлтаралық қарым-қатынас тіліне айналғанда ғана Қазақстанда демократиялық, азаматтық қоғам толық қалыптасуына қолайлы жағдай туады.

Қорыта келгенде, еліміздегі осыдан отыз жыл бұрын мемлекеттік мәртебеге ие болған ана тілімізді алда мешел еткізгіміз келмесе, мемлекеттік тіл туралы заң қабылдау қажет. Бұл өткір мәселе, талқылауға жатпайтын шындық, қажеттілік. Әңгіме оның қандай мазмұнда болуында ғана дегіміз келеді.

**Әбдіжәлел БӘКІР,**
**саяси ғылым докторы,**
**профессор**

# ҚҰНДЫ ҚАСИЕТТЕРДІ ҚАЛЫПТАСТЫРАТЫН ІЛІМ

**Алматы облысы бойынша Қазақстан Республикасында діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл жөніндегі 2018-2022 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының аясында ауқымды істер атқарылуда. Облысқа қарасты Еңбекшіқазақ ауданындағы діни ахуал туралы ауданның дін істері жөніндегі инспекторы Олжас Сатайдан толығырақ білген едік.**
**Қазіргі кезде жаңартылған әлеуметтік қоғам дамуындағы жеке адамның қалыптасуы мен рухани мәдениеттің артуына еліміздегі діннің де айтарлықтай ықпалы бар. Рухани мәдениет, соның қатарында дін де ежелден атадан балаға аманат болып жеткен тарихи мұра. Сондықтан, дін екінші жағынан әлеуметтік мұра ретінде де қарастырылады.**



Бұрынғы кеңестік кезеңдегідей емес, бүгіндер діннің қоғам дамуына тікелей қатысы бар екенін түсініп, мойындайтын болдық. Рас, түрлі дінге деген адамдардың көзқарасының, сенімдерінің өзіндік ерекшелігі бар. Адамзат ерте заманнан бері өзі өмір сүріп отырған ортасына қарай дінге әр түрлі пікірлер айтып келді. Діннің құдіреттілігі – ол адамның өзін осы дүниеге әкелген жаратушысын тану, оған қоса өзін-өзі тану. Шынайы дін адамды тәрбиелеп, оны орынды әрекеттерге бағыттап, өзін тануға, өзінің жақынын тануға, тіптен өзгені өзіндей сезінуге ерекше әсер береді. Сондықтан, адам діннің құдіреттілігін бағалай білуі шарт. Қоғамдық дамуда Ислам дінінің кері әсері жоқ, керісінше, адамдарға адамгершілік және өзге де құнды қасиеттерді қалыптастыруға ерекше мүмкіндік беретін құбылыс. Қоғамды ілгері бастыруға септігін тигізетіні өз алдына, оны жеке бір іргелі ілім десек те артық емес.

Ислам дінінің қағидалық нормаларында адам тәрбиесіне қатысты қайырымдылық, мейірімділік, үлкенге құрмет сияқты жақсы үрдістер ескерілген. Бүгінгі біз өмір сүріп отырған қоғамда осының бәрі аса қажет. Қайырымдылық көрсеткен адамның көңілі таза, мейірімділік қасиетке ие болады. Ислам дінінде сүйіспеншілік, мейірімділік, тазалық ерекше орын алады. Сол себепті, Ислам дінінің тәрбиелік мәні бүгінгі таңда маңызы зор. Ислам дінінің ерекшелігі – ұлттық салт-дәстүрімізді, әдет-ғұрыпымызды, рухани қазыналарымызды бір жүйеге салып, құндылығын анықтап, арттыруға көмектесетін тәртіптілік заңы. Дін алдымен имандылыққа жетелейді, бойында иманы бар адам ешуақытта жамандыққа бармайды.

Біздің көпұлтты Еңбекшіқазақ ауданында осы бағытта біркатар іс-шаралар атқарылып, жүйелі жұмыстар жүргізіліп келеді. Біздің ауданның бір ерекшелігі – көпұлтты болған соң тұрғындарымыздың діни сенімі де әралуан. Оған ешкім тосқауыл немесе шектеу қойып жатқан жоқ. Ең бастысы заң ережелерін қатаң сақтаса болғаны. Айталық ауданда барлығы 93 діни бірлестіктер бар. Олардың 65 мұсылмандық, 7 православтық, 4 католиктік 17 протестанттық бағыттағы, 4 ехоба куәгерлері, 4 баптистік, 1 пресветериандар, 1 Жетінші күн адвентисттері, 7 елуіншілер секілді діни бірлестіктер өз ережелері бойынша қызметтерін атқаруда.

Қазақстан Республикасында діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл жөніндегі 2018-2022 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының орындалуы бойынша 2020 жылға арналған ақпараттық түсіндіру тобы құрылып, құрамына мемлекеттік қызметкерлер, беделді азаматтар, дінтанушылар, теолог, құқық қорғау органы қызметкерлері, жастар ресурстық орталығының мамандары, БАҚ өкілдері, ҮЕҰ жетекшісі, «Зайырлылық және дінтану» пәнінің мұғалімі кіргізілген.





Ауданымызда орналасқан деструктивті діни ағым өкілдерінің басым көп бөлігі орналасқан елді мекендерге жоспарға сәйкес түсіндіру жұмыстарын жүргізу жоспарланған. 2020 жылдың I тоқсанында түсіндіру тобының мүшелерінің қатысуымен жүзден адамның қамтылуымен 7 ірі іс-шара (1 семинар, 6 кездесу) өткізілді. Аталған іс-шараларда ұлттық құндылықтар дәріптеле отырып, жат діни ағымдарға қарсы иммунитет қалыптастыруға бағытталған тақырыптар түсіндірілді. Қазіргі уақытта елімізде карантин режимінің жариялануына байланысты жоспарланған аудиторияларға арналған түсіндіру жұмыстары тоқтатылып отыр, алайда, аталған мәселелер бойынша онлайн режимде инстаграм, фейсбук, вконтакте әлеуметтік желілері арқылы халыққа жеткізілуде. Еңбекшіқазақ ауданының дін істері жөніндегі инспекторлары тарапынан әлеуметтік желілерде (Facebook, Vkontakte, Instagram) «Еңбекшіқазақ ауданы дін істері» тақырыбында парақшалар құрылып, тиісті жұмыстар жүргізіліп отыр.

Атап айтқанда, интернет парақшаларда аудан аумағындағы тұрғындардың діни сауаттылығын көтеріп, жат діни ағымдарға қарсы имунитет қалыптастыру және зайырлылық пен ұлттық құндылықтарды дәріптеу мақсатында өткізіліп жатқан іс-шаралар жайлы ақпараттар сонымен қатар Алматы облысы «Дін істері басқармасы» тарапынан шығарылған бейне материалдар мен деструктивті ағымдардың зардабтары және қатері жайлы мәліметтер тұрақты түрде жарияланып тұрады. Сонымен қатар, дін саласы бойынша жаңалықтар және терроризм актісі жайлы жалған ақпарат тарату, әлеуметтік желілердегі деструктивті діни идеологияны насихаттайтын мақалалар мен видеоларды қолдау сынды әрекеттердің соңы қылмыстық жауапкершілікке әкеп соқтыратындығы жайлы ескертпелер және де дәстүрлі емес діни ағымдардың догмасындағы қателіктері жайлы баяндалатын ақпараттар, видео материалдар және террористік іс-әрекеттердің соңы неге әкеліп соғатыны жайлы деректер жарияланады. Нақтырақ айтқанда, 2020 жыл басынан бері әлеуметтік желілерде 233 материал салынған және 8 мыңнан астам қаралым болды. Әрбір салынған видео, фото және мәтіндердің қаралымдарын және аудиторияларға қаншалықты қызықтылығы жайлы мәліметтер ай сайын жинақталып тіркелушілердің қызығушылығына сәйкес ақпараттық жарияланымдар салынып отырылады. Атқарылып жатқан жұмыстардың нәтижесінде тіркелушілер саны көтерілуде (2020 жылдың қаңтар айындағы тіркелушілер саны 2984, ақпан айында 3051, наурыз айында 3124, сәуір айында 3215, мамыр айында 3346).

Елімізде наурыз, сәуір айларында төтенше жағдай жариялануына байланысты тұрғындармен тікелей шаралар өткізілмегендіктен жастар ресурстық орталығымен бірлесе отырып, ВКонтакте, INSTAGRAM әлеуметтік желілерінде enbekshikazakh_zhastar парақшасында жастар арасында сауалнамалар жүргізілсе, мамыр айында жастар орталығының маманы М.Бердібаевпен тікелей эфирде дін мәселелеріне қатысты онлайн сұхбат жүргізіліп, жастар тарапынан қойылған сұрақтардың барлығына толықтай жауап берілді. Аталған форматтағы сұхбаттарға біліктілігі жоғары дін қызметкерлері мен халық арасында беделді тұлғалар қатысты.

Тәжірибе көрсетіп отырғандай, діни экстремизм идеологиясы интернет – кеңістікті қоса алғанда, жаһандық ақпараттық коммуникациялық желілер, қазіргі заманғы электрондық бағдарламалық қосымшалар арқылы жаппай ақпараттық психологиялық әсер ету жолымен қоғамдық санаға енеді. Мәселен, әлеуметтік желілер (Insragram, Twitter және Вконтакте) мен интернет-ресурстар мониторингінің деректері бойынша «Kazdream Media» мүмкіндіктерін пайдалана отырып, дәстүрлі емес діни ағымдардың идеяларын насихаттайтын интернет пайдаланушылардың белсенділігі анықталған болатын.

«Kazdream Media» бағдарламасы бойынша Еңбекшіқазақ ауданы бойынша «сәләфи», «суффист» және «елуіншілердің» топтарына 3565 адам тіркелген болатын. Қазіргі уақытта теологтар тарапынан ақпараттық-түсіндіру іс-шаралары, деструктивті идеологияны тарататын топтардың құрамындағы азаматтармен тікелей байланыс жасалып, және оған қарсы саяси-әлеуметтік белсенді насихат жұмыстары жүргізілуде. Оған қоса аудан аумағында діни экстремизм мен терроризмның алдын алу және деструктивті діни ағымдарға қарсы иммунитет қалыптастыру мақсатында 2020 жыл басынан бері аудандық БАҚ беттерінде 11 мақала жарияланды.

Аудан аумағында діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу бойынша аудандық дін істері жөніндегі инспекторлары, облыстық діни экстремизм құрбандары мен деструктивті ағым ұстанушыларын оңалту орталығының теологтары, Есік қаласы мен ауылдық округтер және имамдармен бірлесе отырып, ауыл, қала тұрғындары мен жастарға түсіндіру және деструктивті діни ағым өкілдерін профилактикалық оңалту жұмыстары тоқтаған емес, үнемі басты назарға қойылған. Осыған орай аталған азаматтармен Алматы облысы дін істері басқармасы жанындағы орталықтарының теолог мамандары, жергілікті әкімдіктер мен дін қызметкерлері тарапынан жоспарлы түрде түсіндіру және профилактикалық оңалту жұмыстары жүргізіліп тұрады.

Еңбекшіқазақ ауданында 54 ұлт өкілдерінен құралған 300 мыңға жуық халық тұрады. Былайша айтқанда кейбір облыстардың халқының санымен бірдей. Осындай көпұлтты, көпконфессиялы ауданымызда діни экстремизм және терроризм орын ала калса зардаптары өте ауыр болатыны белгілі. Ондай жағдайға жіберуге мүлдем болмайды Ауданда Ислам дінін ұстанушылар саны өзге діндерге қарағанда анағұрлым басым. Біз сол Ислам дініміздің адам бойында құнды қасиеттерді қалыптастыруға бағытталған артықшылығын насихаттап, оны іс жүзіне асуына барынша ықпал етуге тырысамыз. Қазіргі уақыттағы аудан аумағындағы орын алған конфессияаралық тұрақтылықты жоғарыда көрсетілген жұмыстардың өз деңгейінде жүзеге асырылып жатқанының нәтижесі ретінде санауға болады.

**Олжас САТАЙ,**
**Еңбекшіқазақ ауданының дін істері жөніндегі инспекторы**
*Алматы облысы*

№24-25 (894-895) 22-29.06.2020 jyl

ҚАЗАҚ ҮНІ
www.qazaquni.kz

**Алматы облысы бойынша діни ахуал қалыпты деңгейде. Бұл әлбетте Алматы облысы Дін істері басқармасының жұмысты жүйелі жүргізіп келе жатқандығымен тікелей байланысты. Осы орайда Алматы облысына қарасты Ақсу ауданында жастарды жат діни ағымдардың ықпалынан қорғау мақсатында көптеген істер атқарылуда. Бұл туралы Ақсу ауданы бойынша біліктілігі жоғары дінтанушы маман Фархат Ноғайшаевтың мақаласын оқырман назарына ұсынуды жөн санадық.**



# ЖАСТАР ДІНДІ ЖАТСЫНБАУЫ КЕРЕК

Еліміз егемендік алып, тәуелсіз мемлекет болып өмір сүріп келе жатқанымызға отыз жылдай уақыт болды. Осы жылдар аралығында біздің қоғамның барлық салаларында түбегейлі өзгерістер жүріп жатыр. Сол өзгерістердің бірі дін саласына да қатысты. Ел тұрғындарының басым бөлігі ұстанатын Ислам діні адамгершілік пен мәдениеттің жоғарғы деңгейде болуын талап етеді. Адамгершілігі мол, мәдениетті адам көргені бар, парасатты, ақылды, ізгілікті болып келеді.

Жер бетінде қаншама миллиондаған халық бар, олардың өмірге деген, жалпы дінге деген көзқарастары әртүрлі. Содан да болар сан-алуан діни ағымдар пайда болғанын көріп отырмыз. Олардың кейбірі халықтың көзін байлап, санасын улап, сенімдік жағынан адастыруға апаруы мүмкін. Мұсылман халқына ертеден келе жатқан ортақ дін – Ислам діні, құдіретті кітабы – Құран. Ислам діні адамды адамгершілікке бастайтын, адамды тек қана өзін жақсы көріп қана қоймай, барлық адамзатты өзіндей көруге шақыратын дін. Дін өзінің қоғамдық болмысымен, қоғамдағы қалыптасу ерекшеліктеріне байланысты күрделі ұғым. Халықты күнделікте тұрмысымызда озық әдет-ғұрыпқа, салт-дәстүрге тәрбиелеу – бүгінгі күнгі басты міндеттердің бірі. Сонда ғана адамдарымыз өркениеттік деңгейден көрінетін болады.

Дербес мемлекет өкілі, тәуелсіз ұлт ретінде әрбір қазаққа ойланатын уақыт жеткен сияқты. Мыңдаған жылдарғы тарихы бар ата-бабаларымыздың жолымен жүріп, оның озық салт-дәстүрлерін жалғастырып, болашағымыз жастарды да соған тәрбиелеуге міндеттіміз. Өкінішке орай, бүгін Батысқа көзсіз еліктеу етек алып кетті. Біз алдымен өз тарихымызды, өз мәдениетімізді, өз дінімізді қадірлеп, қастерлей білуіміз керек. Онсыз да көптеген жылдар өзгелердің жетегінде жүріп келдік, енді өз тілімізді, өз дінімізді ұлықтайтын кез келді.

Ислам діні – адам баласының өмір сүруіне ыңғайлы, қоғам қағидаларына қайшылықсыз, болашағы зор, әлемдік деңгейдегі дін. Ол кезкелген уақытқа, түрлі жағдайда, толыққанды тіршілікке арналған дін. Исламның өзге діндерден айырмашылығы, ғылым мен білімге, зерделі зерттеулерге жол ашып, еркін ойлауға, ізденуге мүмкіндік береді. Елімізде енді ғана өркендеп келе жатқан дінімізді орнықтыра түссек, одан ұтпасақ, ұтылмаймыз. Тарихи дамуымыздың негізі болып есептелетін дінімізді бекем ұстап, дұрыс түсіну, жастарды ұлттық рухпен тәрбиелеу бүгінгі басты міндетіміз. Бұл маңызды да күрделі істе дінге қатысты сауаттылық, біліктілік аса қажет. Ол үшін Ислам әлеміндегі қарама-қарсы бағыттағы басқа бір топтардың іс-әрекетін, шығыстан немесе батыстан жеткен барлық ой-пікірді тексеріп, саралап, сосын барып насихаттау керек. Дінге қатысты кейбір мәселелерді дұрыс түсінбегендіктен түрлі қайшылықтар мен шиеленістер болады, оны дер кезінде сараптаудан өткізіп тоқтау сала білу маңызды. Дінді насихаттау мәселенің дұрыс-бұрысын тиісті дәрежеде зерттеуді, ой таразасына салып шешуді қажет етеді. Міне осындай





басты мәселелерді басшылыққа алған біздің Ақсу ауданында бұл бағытта тұрақты түрде бірқатар істер атқарылуда.

Айта кетелік, Алматы облысына қарасты Ақсу ауданында жалпы саны қырық екі мыңнан астам адам тұрады. Оның 94 пайызы қазақтар, қалғаны басқа ұлт өкілдері. Ауданда 17 ауылдық округ, 49 ауыл бар. Ақсу ауданы бойынша Қазақстан Республикасының «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Заңын орындау барысында ауданда діни бірлестіктерге талдау, зерделеу жұмыстары жылдар бойы жүргізіліп келеді.

2020 жылғы соңғы деректер бойынша ауданда 26 діни бірлестік пен филиалдар жұмыс істейді. Олардың барлығы дін саласы бағытындағы заң талаптарына сай тіркелген. Аталған діни мекемелерде 26 діни қызметшілер бар. Оның ішінде 9- имам, 17 – молда қызмет етеді.

Қазақстан Республикасы дін саласындағы мемлекеттік саясатының 2017-2020 жылдарға арналған тұжырымдамасы және терроризмге қарсы іс-қимыл жөніндегі 2018-2022 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру мақсатында Ақсу аудандық арнайы ақпараттық-түсіндіру тобы (АТТ) құрылған. Топ құрамында дін, әкімдік, құқық және басқа да салалар бойынша іріктеп алынған 9 білікті маман бар. Олар жыл басынан бері карантин басталғанша тұрғындармен тікелей түрлі тақырыпта 7 шара өткізді. Соның қатарында қаңтар айының 23-і күні Ақсу ауданы, Жансүгіров ауылдық округінің Қаныш Сәтбаев атындағы орта мектеп-гимназиясында жоғары сынып оқушыларымен аудандық АТТ-ның жоспарына сай «Рухани-зайырлы білім – заман талабы» тақырыбында семинар өткізілді. Қаңтардың соңғы күндерінде Ақсу ауданы, Жансүгіров ауылы, Ақсу политехникалық колледжінің студенттерімен «Зайырлы қоғам: дін мен дәстүр ұштастығы» тақырыбында кездесу болды. Студенттер өздерін қызықтырған сұрақтарына толық жауап алды.

Ақпан айында ақпараттық түсіндіру тобы Жансүгіров ауылы, Е.Сиқымов атындағы орта білім беретін мектебінде 9-11 сынып оқушыларымен «Жастарды жат діни ағымдардың ықпалынан қорғау» тақырыбында семинар өткізді. Сол сияқты наурыз айының басында аудандық топ мүшелері Жансүгіров ауылы, Ж. Сыдықов атындағы орта мектебінде 9-11 сынып оқушыларымен «Дін – ұлттық құндылықтарымыздың негізі» тақырыбында кездесу өткізіп, жастарды дін және тарихымыздан хабардар етті.

Наурыз айында елімізде коронавирус індетіне қарсы карантин жарияланууына байланысты одан кейінгі іс-шараларды қашықтықтан жүргізуге тура келді. Мамыр айының ортасында Жансүгір ауылы Қаныш Сәтбаев атындағы орта мектеп-гимназиясының жоғары сынып оқушыларының қатысуымен «Дұрыс жолды таңдайық!» тақырыбында онлайн сұхбат ұйымдастырылды. Мамыр айының 21-і күні инстаграм әлеуметтік желісінде «Отанды сүю – міндетің, Отанды қорғау - парызың» тақырыбында онлайн-дәріс өткізілді. Маусым айының 4-і күні, Ақсу ауданының жастарымен «Дін және жастар» тақырыбында онлайн-сұхбат өтті. Одан біз жастардың дін мәселесіне бей-жай қарамайтынын байқадық.

Иманды адам ар-ұжданын, тазалығын, әдептілігін, әділеттілігін және өзге де ізгі қасиеттерін дамытып, сақтайды. Бір ғана әдептіліктің өзі әсіресе жастардың өзін-өзі тәрбиелеуіне, мінез-құлқын қалыптастыруына көмектеседі. Мінезі құлқы дұрыс адам қоғамда, өзі өмір сүрген ортада үлкен игілікті істер жасауға дайын болады. Басты мақсатымыз – жастарымыз имандылықты дұрыс түсініп, жақсы әрекеттерімен өздерін көрсетуі керек. Бұл ұғымдар – бүгінгі күнгі өзекті мәселелердің бірі болып есептеледі. Дұрыс бағыт ұстанса дін адам бойында мағыналық және тұрақтылық беретін күшке айналады.

Аудан аумағында бүгінгі күні де әлеуметтік желілермен жұмыс жалғасын табуда. Фейсбукта – Ақсу дін істері орталығы аккаунты, Инстаграмда – aksu_din парақшасы ашылған. Қазіргі уақытта 4385 оқырманы бар (Фейсбук – 4169 адам, Инстаграмда – 216 адам). Қазіргі таңда әлеуметтік желілерде 400-ден астам ақпарат орналастырылып, 4567 қаралым жиналды.

Аудандық ішкі саясат бөлімі халықты бұқаралық ақпарат құралдары арқылы хабарландыру мақсатында арнайы медиа-жоспар бекітіп, аталған жоспарға сәйкес ішкі саясат бөлімі және аудандық ақпараттық-түсіндіру тобы мен кеңес мүшелерінің тарапынан уақытылы діни тақырыптардағы мақалалардың жариялануы бақылауға алынып, жүзеге асырылып отырылады. Аудандық «Ақсу өңірі», «Ақсу тынысы», «Жәрдем» газеттерінде Ақсу ауданы әкімінің орынбасары Ғ. Есжановтың «Дін - зайырлы мемлекеттің рухани тірегі», Ақсу ауданының ішкі саясат бөлімінің басшысы Н.Қасымбековтың «Зайырлы қоғамдағы діннің алатын орны», «Ақсу өңірі» ЖШС-директоры – бас редакторы Л. Қасымбекованың «Діни сауаттылық – бірлігіміздің нышаны», Ақсу ауданының бас имамы А.Манбетовтың «Салт-дәстүріміз ислам дінінен алшақ емес», Жастар ресурстық орталығының жетекшісі М. Капышеваның «Ата салтың – асыл қазынаң», Аудандық білім бөлімінің сектор меңгерушісі С.Қожанованың «Жалған терроризм ойыншық емес», «Жастарды, оқушыларды интернет кеңістігіндегі діни террористік және экстремистік көзқарастардан қорғау шаралары» тақырыптарында және өзге де мақалалар жарияланды.

Ауданда діни ахуалды талдау, сараптама жүргізу кезінде аймақтағы тұрақтылықтың, толеранттылықтың, конфессияаралық келісім мен ұлтаралық татулықтың тұрақты орнықканын, өткізілген іс-шаралардың оң нәтиже беріп, тұрғындардың ақпараттық-танымдық деңгейлерін арттыруға игі ықпал етіп отырғандығын көруге болады.

Байқап отырғандарыңыздай біздің іс-шаралардың басым бөлігі жастармен өткізіледі. Өйткені аяқтарын шалыс басып өзге ағымдарға еріп кетпес үшін олардың діни сауатты болуы аса маңызды. Дін намаз оқып, ораза ұстайтын ересектерге ғана қатысты деген түсінік қазір түбегейлі ескірген. Бүгінгі жастар дінді жатсынбауы керек, оны ізгі ілім ретінде игергені абзал.

**Фархат НОҒАЙШАЕВ,**
**Ақсу ауданы бойынша біліктілігі жоғары дінтанушы маман**

# АСЫЛ АЗАМАТ, ҒҰЛАМА ҒАЛЫМ ЕДІ....



Тағы бір асыл азамат, ғұлама ғалым дүниеден өтті. Алпыс тоғыз жасында Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, ҚР Ұлттық ғылым академиясының академигі, Түркістан облысының және Жетісай ауданының Құрметті азаматы Үмбетаев Ибадулла қайтыс болды.

Ибадулла Үмбетаев 1991-1992 жылдары Шымкент облыстық кеңесі атқару комитеті төрағасының орынбасары (ауыл шаруашылығы кешені бойынша) болып қызмет етті. 1992-1997 жылдары Жетісай ауданының әкімі болды. 1997 жылы Мақтаарал аудандық су шаруашылығы басқармасының бастығы қызметіне ауысты.

1997-1999 жылдары ірілеген Мақтаарал ауданының әкімі болып тағайындалды. 1999 жылдың қыркүйек айынан бастап ҚР Білім және ғылым министрлігінің, 2002 жылдың маусым айынан ҚР АШМ Мақтаарал ауылшаруашылық тәжірибе станциясының директоры. 2006 жылдың ақпан айынан бастап ҚР АШМ «КазАгроИнновация» АҚ Қазақ мақта шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының бас директоры. 2016 жылғы қаңтар айынан ҚР АШМ «Ұлттық аграрлық ғылымибілім беру орталығы» АҚ «Қазақ мақта шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты» бас директоры болды.

И.Үмбетаев ғылыми салада үлкен ұйымдастырушылық жұмыстарын ғылыми-зерттеулермен шебер ұштастырып, мақта саласын зерттеуде қажырлы еңбек етіп келді. Өз жұмысын жақсы білетін ғалым ұстаз ретінде, шебер ұйымдастырушы, білікті басшы ретінде елге танылған азамат.

ҚР Ұлттық ғылым академиясының академигі, ҚР Ауыл шаруашылығы ғылымдары академиясының академигі, Оксфорд академиялық одағының мүшесі, ҚР АШМ А.Бараев атындағы сыйлықтың және алтын медалінің иегері.

Ол абыройлы еңбегі арқылы көпке үлгі болып, өмірлік тәжірибесі мен еліне жасаған қалтқысыз қызметінің арқасында белгілі тұлғаға айналды. Үмбетаев Ибадулла өзінің артына өшпес, мейірімге толы ізгі із қалдырды.

*qazaquni.kz*

■ SPORT



**Бүгінде ала доптың қызығын барлық әлем көруде. Ең көп жанкүйерлер қатары да аяқдоп өнерінің еншісінде. Футболдың арқасында көптеген мемлекеттер әйгілі болып, экономикасы және туризмі дамуда. Ал біздің елімізде осындай жағдайға қашан жетпек? Таяуда Ресейде өткен әлем чемпионатына қатыса алмадық. Бұл қазақ футболының тарихындағы ең жақын әлем чемпионаты болған. Ресей төңірегінде ойнаған алпауыт футболшылардың қатарында өз еліміздің футболшылары қатыса алмағандығы өте өкінішті.**

# ҚАЗАҚ ФУТБОЛЫНЫҢ КӨСЕГЕСІ ҚАШАН КӨГЕРЕДІ?



Алайда, елімізде футболды дамыту үшін көптеген, түрлі амалдар жасалды, жасалып та жатыр. Ең алдымен саны емес сапасы маңызды. Сол амалдар өз орнын тауып, оң нәтижесін беріп жатқан сәттері де бар. Чехия, Словакия сынды елдерден ұтып жатқан жайымыз да бар. Бірақ қазіргі футболымыздың даму барысын әлемнің басқа елдерімен салыстыруға мүлдем келмейді. Кейде еріксіз мүмкін футбол біздің қанымызда жоқ, бізге керек емес спорт түрі ме деп те ойлайсың?! Ондай шешім қабылдамай тұрып, қандай мәселелер футбол ойынының дамуына кедергі келтіріп отырғанын бір саралап көрсек.

Қазақ футболындағы өзекті мәселелердің бірі: ұлттық құрамалардағы қазақ санын көбейту. Қанша дегенмен ұлттық рух пен намыс бізді жеңіске жетелейтіні сөзсіз. Шетелдік спортшыларға қыруар қаржы жұмсап, олардың жағдайын жасағанша, өзіміздің қаракөз қазақтармен жұмыс істеу керек. Дайын асқа тық қасық болмау керек. Футбол ойындарының ойыншыларымен қата, жаттықтырушымен де дәл сондай жұмыстар атқарылуы тиіс.

Футболшыларымыздың физиологиялық және психологиялық дайындықтарымен қатар, рационына да қатты көңіл бөлінсе нұр үстіне нұр болары сөзсіз. Өздерінің арнайы диетологы, психолог мамандары болса да артықтық етпейді.

Тағы да өзекті мәселе ол халқымыздың футбол ойынына немқұрайлықпен қарауы деп есептеймін. Біздің қоғамда «футболшы» дегенді арнайы мамандық түріне жатқызудың өзі қиын. Көптеген ата-аналар балаларының футболшы болғанынан, мемлекеттік қызметкер болғанын қалайды. Жәй ғана қызығушылық, хобби ретінде қарауы футбол ойындарының дамымауына әкеліп соғады. Сондықтан, футбол ойынына заттық жағынан емес, рухани жағынан да дайын болуымыз керек. Әсіресе, ауылды жерлерде, шағын елдімекендерде стадион, секциялар ашылып, солардың жұмысын жандандыра түссек өз жемісін берері сөзсіз. Сонымен қатар, еліміздегі атақты футболшыларды, мықты жаттықтырушыларды жіберіп тәжірибе алмасып, жұмылдыра жұмыс істесе, шетелден бір мысқал да кем түспейтін күнге жетеріміз анық.

Тәуелсіздікті алғанымызға отыз жылға жуықтап, дамудың даңғыл жолына түскен осынау кезеңде елімізде тек қана ұл балалардың футболы ғана емес, қыз балалар футболын дамыту мәселесі қолға алынып келе жатқаны көңіл қуантады.

«Ешқандай фильм мұнша дәл футболдағыдай көрермен тарта алмайды» – деген екен кеңестік режиссер, суретші Сергей Эйзенштейн. Бұл сөзге қазіргі әлем футболы дәлел бола алады. Футболдан әлем чемпионы болған Франция осынау жеңісін 20 жыл күтті. Екінші орынға ие болған Хорват елі де әлемді бір таң қалдырып тастады. Қазақстан футболының да көсегесі көгеріп, айы оңынан туар күнге жетеміз деген сенімдеміз.

**Кенесары СЕЙДАЛИЕВ**

**ҚАЗАҚТЫҢ МҰҢЫ МЕН ШЫНДЫҚТЫҢ ЖЫРЫ – «ҚАЗАҚ ҮНІ» ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛЫҢЫЗДАР!**

**ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ – 65380**

***«Қазпошта» арқылы жазылу бағасы:***

| | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 ай | қала | 379,24 | 3 ай | қала | 1137,72 | 6 ай | қала | 2275,44 | 12 ай | қала | 4550,88 |
| 1 ай | ауыл/аудан | 397,86 | 3 ай | ауыл/аудан | 1193,58 | 6 ай | ауыл/аудан | 2387,16 | 12 ай | ауыл/аудан | 4774,32 |

Меншік иесі:
«Қазақ үні» ЖШС
ҚАЗАҚ ҮНІ
Президент –
Редакторлар кеңесінің төрағасы –
Қазыбек ИСА

Бас редактор – Құлтөлеу МҰҚАШ
Бас редактордың бірінші орынбасары – Зейнолла АБАЖАН
Бас редактордың орынбасары – Азамат ТАСҚАРАҰЛЫ
Жауапты хатшы – Гүлмира САДЫҚ
Бөлім редакторлары:
Дастан ЕЛДЕС (орыс редакциясы)
Айнұр АХМЕТ (мәдениет)
Нұржан АСАН (көркемдеуші)
АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Астана тілшілер қосыны:
Азамат ТАСҚАРАҰЛЫ
(8-702-931-89-86)
Жасұлан ИСА
(8-776-120-19-72)
Ақмола облысы:
Бақыт СМАҒҰЛ (8-701-626-77-66)
Арқалық қаласы:
Нұрсұлтан НҰРМАН
(8-702-688-84-87)
Алматы облысы:
Айтақын БҰЛҒАҚ (8-702-239-62-99)
Мәди ИСЛАМ (8-775-119-12-13)
Мырзағали НҰРСЕЙІТ (8-701-771-6496)
Қанат БІРЖАНСАЛ (8-775-323-0850)
Батыс Қазақстан облысы:
Қажымұқан ҒАБДОЛЛА
(8-701-111-61-05)
Жезқазған қаласы:
Жанат АСАНҚАЛИ
(8-702-384-12-00, 8-707-261-20-98)
Сәтбаев қаласы:
Абдолла ДАСТАН
(8-(71063) 7-20-97, 8-777-302-46-79)
Қарағанды облысы:
Ахметқали ХАЛЕНОВ (8-701-450-30-18)
Қостанай облысы:
Төлен РАМАЗАНҰЛЫ (8-701-174-06-70)
Семей қаласы:
Рахат АЛТАЙ
(8-775-998-15-39)
Маңғыстау облысы:
Сағындық РЗАХМЕТ (8-775-379-84-88)
Түркістан облысы:
Әбдіғаппар АЙДАР
(8-702-475-75-66, 8-771-390-73-75)
Асылхан ӘЛІ (8-701-626-88-32)
Түркістан қаласы:
Әтіргүл ТӘШІМ (8-702-489-47-23)

Атқарушы директор –
Қаныш ЖАРЫЛҚАСЫН

Тарату бөлімі:

Астанада:
Жасұлан ИСА
(8-776-120-19-72)
Шымкентте:
Мұтән ИСМАЙЫЛ (8-701-692-1340),
Астанада «Алты Алаш» (87015728847) дүңгіршіктерінде сатылады

Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінде 19. 12. 2012 жылы тіркелген. Куәлік №13976-Г (Алғашқы куәлік №1270-Г, 01. 08. 2000 жыл).

Автордың пікірі мен редакция көзқарасы сәйкес келе бермейтінін ескертеміз.
Қолжазбалар өңделеді және қайтарылмайды.
Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді.
Газеттен көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы шарт.
Газетте «Қазақпараттың» материалдары пайдаланылды.

Газет «Қазақ үні» компьютер орталығында беттелді

АЙЛЫҚ ТАРАЛЫМЫ – 60 400

ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ – 65380

Редакцияның мекен-жайы:
050006, Алматы қаласы, Қалқаман-3 ықшамауданы, С. Сейітов көшесі, 11 үй
Байланыс телефоны:
8 (727) 398-57-31
E-mail: qazaquni2000@gmail. com
www. qazaquni. kz

Кезекші редактор –
Гүлмира САДЫҚ

ТОО «Қазақ үні»
БИН 000540006784
ИИК KZ508560000000385541
АГФ АО «БанкЦентрКредит»
г. Алматы, БИК KCJBKZKX, Кбе 17
Газет «Алматы-Болашақ» баспаханасында басылды. Алматы қ. , С. Мұқанов к. , 223 б.
Көлемі: 6 баспа табақ

(А) – материалдың жариялану ақысы төленген